



Жаңадан жасақталған Үкімет: **МАҢЫЗДЫ ТАПСЫРМАЛАР, НАҚТЫ БАҒДАРЛАР**

2



Орта Шығыстағы қақтығыс: **ЖАҢА ҚАУІП БОЙ КӨТЕРДІ**

5



СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР!

7

ЖАЙЛЫ ӘРІ ЖЫЛДАМ

Алматыда тұрғындардың жаңғыртылған тағы бір цифрлық кеңсесі ашылды

Ол Әуезов ауданында орналасқан. Айта кетер болсақ, бұл қаладағы 3-ші жаңғыртылған орталық. Ол да алдыңғы екеуі сияқты Kaizen принципімен жоспарланған.

Осылайша цифрлық кеңсе түрлі-түсті гаммалармен бөлінген бірнеше сектордан тұрады. Мысалы, «жылдамдық аймағы» сары түспен белгіленген. Бұл аймақта 5–10 минутта алуға болатын қызметтер көрсетіледі. Ал «құжаттандыру бөлімі» қызыл түсті болса, «дайын құжаттарды беру бөлімі» жасыл түске ие. Күлгін түсті аймақ – «жайлылық аймағы», бұл жерде азаматтар реттеу залында көрсетілетін әдеттегі қызметтерді, яғни заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүліктерді тіркеу, т.с.с. қызметтерді алуларына болады. Сарғыш түсті аймақта зейнет-ақы, жәрдемақы және басқа да төлемдерді рәсімдейтін әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Бұдан басқа, жаңғыртылған ХҚО-да құжаттама терминалы орнатылған. Терминал арқылы төлқұжат пен жеке куәлікке азаматтар өз бетінше өтініш бере алады. Дайын құжаттарды беруге арналған тәулік бойы



жұмыс істейтін постомат та бар. Сонымен қатар, бұл орталыққа ана мен бала бөлмесі де қарастырылған.

Әуезов ауданындағы тұрғындардың цифрлық кеңсесіне күніне 4000-ға жуық азамат келеді деп күтілуде.

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №11 (6462) 9 ақпан, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҮКІМЕТ ПЕН ӘКІМДЕР

жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс



Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді

Президент Қасым-Жомарт Тоқасевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болғаны жөн. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

3

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

9.02.2024

Түнде:

0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

10.02.2024

Түнде:

-1+1 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



0 745178 614887 >



БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

ОН ҮШІНШІ ПРЕМЬЕР жұмысқа кірісті

Сонымен, Үкімет тағдырына қатысты қоғамда ара-тұра талқыға түсіп келген түйткіл де күтпеген жерден шешімін тапты. Президент Әлихан Смайыловтың Үкіметін отставкаға жіберді. Сәрсенбінің сәтті күні – 7 ақпанда жаңадан жасақталған, еліміздің он үшінші Премьер-министрі бастаған жаңа Үкімет өз қызметіне кірісіп те кетті.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Парламент Мәжілісінің және Аманат партиясының төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысына Аманат партиясының атынан Премьер-министр қызметіне Олжас Бектеновтың кандидатурасын ұсынған еді.

Президент Конституцияның 44-бабына орай, ұсынылған кандидатура жайлы Мәжілістегі партиялардың фракциялары жетекшілерімен кеңесті. Талқыға Елнұр Бейсенбаев (Аманат), Магеррам Магеррамов (ҚХП), Азат Перуашев («Ақ жол»), Асхат Рақымжанов (ЖСДП), Серік Егізбаев («Ауыл»), Айдарбек Ходжаназаров (Respublica) қатысты.

Талқылаудан кейін Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысы өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан» құру қағидатына сай батыл шараларды қолға алу қажеттігін айтты. «Бұл жерде, әрине, ең алдымен, Үкімет маңызды рөл атқаруға тиіс. Жаңа қарқынмен жұмыс істеу қажет. Маңызды шешімдерді шұғыл қабылдап, көп созбай, шешуші қадамдарды жасауы керек. Үкімет өз қызметінде кәсібилік, жауапкершілік, жеделдік және бастамашылық сияқты қасиеттерді ұштастыруға тиіс. Үкімет экономиканы халқымыздың игілігі үшін ынталандыруға және әртарапандыруға бағытталған батыл әрі табанды шешімдер қабылдауы қажет. Бұл міндеттің маңызы зор және ол стратегиялық сипатқа ие», – деді.

Президент Аманат партиясы ұсынған кандидатты Мәжілістегі партиялар фракцияларының жетекшілерімен талқылағаннан кейін ортақ шешімге келгені мәлімдеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3-тармақшасына сәйкес, Премьер-министр лауазымына Олжас Бектеновтың кандидатурасын басым көпшілік депутаттар қолдады.

Жаңадан тағайындалған Үкіметбасы Олжас Бектенов сенім арқаны үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Парламент Мәжілісінің депутаттарына алғыс айтып, өзіне жүктелген міндеттерді адал атқаруға бар күш-жігерін салағанын жеткізді.

Бұдан кейін өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында былтыр атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңнің басты міндеттері айқындалды. Мемлекет басшысы экономикалық өсімді арттыру мақсатында 10 бағдар бойынша нақты тапсырма берді. Жиын соңында жаңа Премьер-министр Президентке уәде берді. «Сіз берген ауқымды тапсырмалардың барлығы мүлтіксіз орындалатын болады. Жаңартылған Үкіметтің құрамы оған дайын. Мәселелердің сәнінен гөрі мәніне көп назар аударамыз. Нақты іспен айналысамыз. Нәтиже болады деп уәде беремін», – деді Олжас Бектенов. Осы орайда, Үкіметбасының жас та болса, жаңа құрамдағы өз әріптестерін «формализмсіз, бюрократиясыз, қажетсіз жиындарсыз белсенді жұмыс істеуге бағыттағаны, аз сөйлеп, көп іс тындыруға жұмылдырғаны» көңілге сенім ұялатты.


Қалай десек те, Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Үкіметке айрықша құзырет беріп отыр. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде нәтижелі қадамдар, оң шешімдер қабылдануы қажет. Мемлекет басшысы да, халық қалаулылары да Бектенов Үкіметіне маңызды міндеттерді жүктеп, үлкен сенім артып отыр. Енді уақыт талабына сай жылдам әрі батыл қимыл керек. «Әділетті Қазақстан» бағдары аясында экономиканың әр саласында түбегейлі реформалар жасалуға тиіс. Президент тұжырымдағандай, Үкімет жалаң сөзге уақыт кетірмей, нақты әрекет жасап, саяси жауапкершілік таныту қажет. Ортақ мақсат пен мүдде жолында мемлекет пен қоғам әрдайым бірге жұмылуы тиіс. Талап та, аманат та осы. Дәл қазіргі кезеңде әрбір күннің қадірін дұрыс түсініп, қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдаланған жөн. Өйтпесе, ел дидаһының жаһандық бәсекеге илесуі қиын болмақ.

Төрехан ДАНИЯРОВ.

САРАПТАМА

Жаңадан жасақталған Үкімет:

МАҢЫЗДЫ ТАПСЫРМАЛАР, НАҚТЫ БАҒДАРЛАР



Президент экономикалық, әлеуметтік, логистикалық, аграрлық саладағы қордаланған мәселелерге байланысты 10 өзекті бағыт бойынша Үкіметке жұмысты жандандыруға нақты тапсырмалар берді.

Негізгі мақсат – 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізу

Бүгінде еліміз үшін ең маңызды меженің бірі – Мемлекет басшысының 2023 жылғы қыркүйектегі Жолдауында айтылған маңызды тапсырмаларды жүйелі, нақты жүзеге асыру. Алайда, соңғы отыз жылда мемлекеттік атқарушы билік тармақтарында толық шешімін таппаған мәселелер жеткілікті. Мемлекет басшысы Олжас Бектенов басшылық ететін Министрлер кабинетіне нақты шешімді қажет ететін мәселелерді көрсетіп, нәтижелі жұмыс күтетінін атап өтті.

Еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек. Себебі, макроэкономикалық көрсеткіштерге халықтың жалпы әлеуметтік жағдайының артуы тікелей байланысты. Нақты жеңілдік, тек жүйелі жұмыс қажет.

•Жаңадан жасақталған Үкімет алдына қойылған тапсырмаларды құрылымы бойынша үш бағытқа бөліп қарастыруға болады. Мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру арқылы салық және бюджет саласын реттеу, шетелдік инвестиция көлемін арттыру арқылы елімізде экономика тұрақтандыру және аграрлық-логистикалық салада қалыптасқан мәселелерді институционалды негізде шешу.

Соңғы бес жыл көлемінде елімізде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асты. Бұл ұлттық экономика үшін ауқымды мәселе. Тапшылықтың басты себебі, бюджеттік басқару жүйесінің тиімділігінің төмен болуында. Мемлекет басшысы аталмыш мәселені Үкіметтің алдында тұрған ең басты мәселе деп атап өтті. Отставкаға кеткен Үкіметтің басты қателіктерінің бірі – бюджет тапшылығын күн салығын 12%-дан 16%-ға көтеру арқылы шешуге тырысуы болды. Яғни үкіметте қордаланған мәселені мемлекеттің стратегиялық саясатын ескермей шешу қалыптасқан еді.

Жаңа инвестициялық кезеңді бастау – уақыт талабы

Соңғы төрт жылда елімізге келген шетелдік инвестиция көлемі артты. Алайда, мәселенің өзегі мемлекеттік аппараттағы қалыптасқан бюрократиялық аппараттың уақыт талабына сай бейімделе алмауында. Бұл мәселені Президент Үкіметтің кеңейтілген

отырысында көтеріп, жаңадан инвестициялық штаб құрылатынын атап өтті. Аталмыш инвестициялық штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастырып, даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізетін болады. Бастысы, 50\$ млн-нан астам инвестиция алып келген инвесторға «бір терезе» ұстанымы бойынша қызмет көрсетіледі. Сәйкесінше, аймақтарда жергілікті басқару өкілдерін бағалау инвестиция тарту деңгейімен анықталады. Сонымен қатар, ескеретін маңызды жәйт, әрбір шетелдік инвестордың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру қажет. Себебі, елімізде соңғы жылдары шетелдік инвесторлар арқылы басқарылатын біршама кәсіпорында күрделі мәселелер қалыптасқан. АрселорМиттал Теміртау кенішінде орын алған қайғылы жағдаят, инвестордың кәсіпорынды кешенді түрде жаңғыртпауы, жергілікті экологиялық мәселелерге көз жұма қарауы себеп болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған мәселе жүйелі түрде жолға қойылу керектігін атап өтті.

Сонымен қатар, жаңа инвестициялық кезеңде инвестицияның жаңа бір бөлігі елімізден заңсыз шығарылған активтерді қайтарудан түсетіндігін мәлімдеді. Яғни шетелден қайтарылған активтер ел мүддесі үшін инвестиция ретінде ұлттық экономикаға құйылатын болмақ.

Қаңтар айында Transparency International ұйымы 2023 жылдың әлем бойынша сыбайлас жемқорлық индексі жариялады. Аталмыш индекс бойынша елімізде соңғы жылдары сыбайлас жемқорлықпен күресте айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгендігін көрсетті. Алайда, үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы елімізде жемқорлықпен күресуде кешенді шараларды жолға қоюды атап өтті. Яғни мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау арқылы жүзеге асырылады. Президент еліміздегі құрылыс саласын жобалық сметалық бағалау халықаралық стандартқа сай еместігін атап өтіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында цифрлы технологияларды белсенді қолдануға шақырды. Құрылыс саласына бөлінген қаражатта мемлекет тарапынан бақылаудың бірегей жүйесін енгізу қажет. Бұл тұрғыда ақшаға цифрлық теңге арқылы ен салып және оны қадағалау, басқаша айтқанда, «ақшаны бояу» бюджет қаражатының жұмсалуды бақылайтын өте маңызды тетік болмақ. Себебі, құрылыс саласында сыбайлас жемқорлық әсері құрылыс сапасына, адам өміріне тікелей ықпал етпек. Сол себепті, цифрлы технологияларды тиімді қолдану арқылы мемлекеттік бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру көзделген.

Ауыл шаруашылығы, көлік құрылысы салалары нақты шешімдерді талап етеді

Инвестицияның тапшылығы, техниканың тозуы, шаруаларға қолжетімді қаржылық-несиелік жүйенің болмауы елімізде егіннің бітік шықпауына және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырды. Аталмыш мәселені шешу үшін Президент ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет екендігін атап өтті. Себебі, еліміз үшін ауыл шаруашылығы – экономикамыздың күре тамыры. Атап айтсақ, көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттырып, инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу көзделген. Бұл шаралар маусым сайын өнімін қажетті нарыққа шығара алмай қиналған шаруаларымыз үшін жинақталған мәселені біржола шешудің төте жолы болмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы қыркүйек айында БҰҰ Бас Ассамблеясы төрінде сөйлеген сөзінде елімізді Еуразия континентіндегі логистикалық хаб деп атап өтті. Арнайы Көлік министрлігі де құрылды. Расымен де, дархан даламыздың әр тарапын сапалы жолмен қамтамасыз ету, еліміздің ішкі тауар айналымын ғана емес, сонымен қатар «Шығыстан Батысқа» бағыты бойынша халықаралық күре сауда жолының негізі болуға сеп болады. Бұл тұрғыда жаңадан жасақталған үкіметке Президент тарапынан биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын Бағдарламалық құжатты қабылдау қажет екендігін бұйырды. Себебі, елімізде теміржол, автожол саласы ауқымды реновацияны талап етеді. Еліміз үшін стратегиялық маңызға ие «Астана – Балқаш – Алматы», «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған – Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына 5 жылдан асып, қолданысқа қазіргі күнге дейін берілмеуі соның айғағы. Бұл мәселелерді жаңадан жасақталған үкімет құрамы биылдан қалдырмай шешуі қажет деп атап өтті.

Мемлекет басшысының саясатын тиімді жүзеге асыруда атқарушы биліктің ықпалы мен рөлі зор. Тәуелсіздік кезеңнен бастап реттілігі бойынша он үшінші рет жасақталған Қазақстан үкіметінің алдында маңызды тапсырмалар тұр. Олжас Бектенов басшылық ететін Министрлер кабинетінің Президент тарапынан тапсырылған міндеттерді қаншалықты нәтижелі орындай алуы уақыт еншісінде.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҮКІМЕТ ПЕН ӘКІМДЕР

жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс

(Басы 1-бетте)

Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет

– Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Бірақ қазір жайбарат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат баршаңызға белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни нақты жеңіс бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ, макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі экономикалық ахуалға қатысты бірқатар нақты міндетке тоқталды.

– Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді. Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған күн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек, бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді. Өлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалады, стратегиялық мақсаттар соның көлемінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Әрбір министр мен әкімнің атқарған жұмысына нақты баға беріледі

Президент қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерімді қамтамасыз етуі керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет жаңа инвестициялық кезеңді бастауға тиіс екенін айтты. Ол негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып бара жатқанына назар аударды. Басқаша айтқанда, экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

– Ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек. Бұл – жаңадан құрылған Инвестициялық штабтың негізгі міндеті. Штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізуге тиіс. Шетелдегі мекемелердің, орталық пен аймақтардың арасында тығыз байланыс орнату қажет. Ең бастысы, Инвестициялық штаб қажетті шешімді дер кезінде қабылдауы керек. Мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іссапары нақты нәтиже беруге тиіс. Сапар қорытындысы бойынша Үкімет басшылығына, қажет болған жағдайда Президентке есеп берілуі керек. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кедергілер, әсіресе, аймақтарда жиі болып тұрады. Әкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Аймаққа жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысы қорытындыланатынын айтты. Әрбір министр мен әкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға беріледі.

Құқық қорғау органдары жеткіліктілікке жол бермеуге тиіс

– Талап қатаң болады. Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның



тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынмын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Уәкілетті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен қаражатты еліміз үшін маңызы зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет. Алайда, бұл істе құқық қорғау органдары жүгенсіздікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертемін, «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жоққа шығаруына жол берілмейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау тағы бір маңызды міндет ретінде айқындалды. Бұл жұмыс инвестиция тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіндегі реформалармен барынша үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс.

– Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі қызу талқыланып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние. Алайда, мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек. Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынуына, мүлік иелерінің бірлестігін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда, құзырлы органдар әлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр. Үкімет бұл мәселе бойынша жыл сайын даму бағдарын нақты шешім қабылдауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұған қоса, Президент экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтты. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамадан тыс араласуынан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік беретін өте маңызды реформа.

– Бұлар экономиканың барлық саласына қатысты маңызды міндеттер. Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды түбірінен жою қажет. Жекешелендіру тиімді жүргізілген жағдайда ғана экономиканың барынша еркін дамуына жол ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өндірістің дамуына тың серпін беріледі

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы еліміздегі өндірістің дамуына тың серпін беруді талап етті.

– Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін былтыр жеке министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек. Министрлік саланың даму бағдарын анықтап, инвесторларға жол көрсетуі керек. Озық технологияны қолданатын жаңа өндірістер ашу қажет. Алайда, нақты шаралар мен әдіс-тәсілдер дайын емес. Өндірістің да-

муына серпін беретін жобалардың тізімі бар. Дегенмен, бұл жұмыс та толық аяқталмаған. Бұл өндірістер экономика құрылымын өзгертуге, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалауға және технологиялық өсімді қамтамасыз етуге тиіс. Өзірге мұның ешқайсысы іске асқан жоқ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тағы бір маңызды міндет – агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану.

– Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн. Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек

Қасым-Жомарт Тоқаев коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Оның айтуынша, елді мекендердің тыныс-тіршілігіне қажетті барлық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі.

– Жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталана береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен олқылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр. Алматыдағы екінші жылу электр орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті. Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогын қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты. Сондай-ақ, Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақытылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет, ең алдымен, биыл апатты жағдайдағы 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар, қуаты 700 мегаваттан асатын қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды. Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкіметке елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ, еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін жұмысты жандандыру қажет екенін атап өтті. Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын бағдарламалық құжат қабылдау міндеті жүктелді.

– Келесі – автожол мәселесі. Еліміз үшін айрықша маңызды «Астана – Балқаш – Алматы» тас жолы әлі күнге дейін жөнделіп біткен жоқ. Құрылыс 2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған – Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына 5 жылдан асты. Биыл осы жұмыстар біржола аяқталуға тиіс. Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек. Өзірге жағдай мәз емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Медициналық сақтандыру жүйесі қарапайым әрі түсінікті болуы керек

Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік сала мәселелеріне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау құрылымдары және механизмдерін толық қайта қарау қажет екенін айтты. Президенттің пікірінше, әлеуметтік көмектің тиімділігін арттырып, оның кімге және қалай берілетінін ойластыру керек. Сонда бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беруге мүмкіндік туады.

Денсаулық сақтау жүйесінде қордаланған мәселелер де назардан тыс қалмады.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінді. Алайда, медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс. Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасақталуы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобаларын жүзеге асыруға кедергі болып отырған барлық мәселені дереу шешуді тапсырды.

– Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет. Қазір Үкімет айрықша құзыретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет, – деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Кеше сағат 02.20-да Медеу ауданындағы «Тау Самалы» ықшамауданындағы Олимпийская көшесінің бойында техногендік топырақтың лайлануы салдарынан лай көшкіні жүрді.

Айнабай
МӘДИ

Медеу ауданындағы лай көшкіні салдарынан екі жеке тұрғын үй зардап шекті, олардың бірі жартылай зақымданды. Алдын ала ақпарат бойынша, зардап шеккен үйде төрт адам болған, екеуі бала. Оқиға орнында «Қазселденқорғау» ММ, Алматы қаласы «109 құтқару қызметі» республикалық жедел-құтқару жасағы, Алматы қалалық ТЖД, жедел жәрдем бригадасы, Медеу ауданы әкімдігінен және 30 бірлік техника тартылып, 160 адам жұмыс істеуде. Жакын маңдағы үйлердің тұрғындары №47 орта мектепке эвакуацияланды. Тұрғындар өз еріктерімен туыстарының үйіне кетті. Медициналық топ кезекшілікте болып, зардап шеккендерді іздеу жалғасты.

Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин «Тау Самалы» ықшамауданында лай көшкінінің орын алуына қатысты инженерлік желілердің жағдайына түсініктеме берді. Техногендік сипаттағы лай көшкіні салдарынан қираған үй астынан 1984 жылғы ер адамның, 1980 жылғы әйелдің, 2007 жылғы егіз жасөспірімнің денелері табылды.

«Жасыратыны жоқ, бүгінде «Тау Самалы» ықшамауданында жеке сектордың коммуникацияларға қосылуы ретсіз әрі қауіпті. Жеке сектордағы көптеген тарату желісі стандартқа сәйкес келмейді. Жақын арада бұл мәселені шешу үшін біз былтырдан бастап тарату желілерін салу бойынша жобаны әзірлеуге кіріскенбіз. Біз «Балқаш» су көзін көрсеттік, жана скважиналар – бұл бірінші кезең. Екінші кезең – тарату желілерін жүргізу және су құбырымен қатар, кәріз желілерін салу. Өйткені, таулы жерлерде септіктерді пайдаланатын жеке үйлер қауіпсіз емес», – деді Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев топырақтың лайлануы салдарынан болған техногендік сипаттағы лай көшкіні болған жерге келді. Сол жерде қала басшысы бүлінген ғимараттарды аралап, шұғыл көшпелі кеңес өткізді.

«Басты басымдық – іздеу-құтқару жұ-

ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ
ЛАЙ КӨШКІНІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев шұғыл көшпелі кеңес өткізді



мыстары. Алдын ала ақпаратқа сәйкес үйде тұратын адамдарды іздеу бойынша барлық жұмылдыру топтарының жұмысын үздіксіз қамтамасыз ету қажет», – деді Ерболат Досаев.

Әкімнің тапсырмасы бойынша болған оқиғаның себептерін тексеру және лай көшкіні салдарынан жою бойынша арнайы топ құрылды. Қала әкімі қаза тапқан отбасының туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

«Құтқару қызметі Медеу ауданындағы қираған үйде тұрған отбасы мүшелерін іздеуді аяқтады. Қайғылы оқиға 4 адамның өмірін қиды. Мен қаза болғандардың туыстары мен жақындарының қайғысына ортақпын. Оларға шын жүректен қатты қайғырып, көңіл айтамын», – деді Ерболат Досаев.

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша отбасының барлық мүшелерін жерлеуді ұйымдастыру үшін көмек көрсетіледі. Студент болып табылатын және қазіргі уақытта елден тыс жерде оқитын қаза болған отбасының үлкен ұлына білім алуға және

елімізге келген соң өмір сүруіне материалдық қолдау көрсетілетін болады. Қала әкімі лай көшкіні салдарынан қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтумен бірге, жерлеуді ұйымдастыруға көмек көрсетуді тапсырды.

Лай көшкінінің қайталану
қаупі жоқ

Медеу ауданында болған лай көшкінінің себептерін тергеу жалғасуда. Осыған орай, ауданда арнайы комиссия жұмыс істеуде. Оның құрамына Алматы қаласы бойынша ТЖД, «Қазселденқорғау», қала әкімдігінің мамандары енген. Басты мақсат – беткей аумағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығын тексеру.

Кеше сағат 15.00-дегі жағдай бойынша комиссия беткейдегі зерттеу нәтижесінде: «Жакын маңдағы үйлердің тұрғындарына лай көшкінінің қайталану қаупі жоқ» деген қорытындыға келді. Міне, осылай, мамандардың бағалауына, кеше 3000 текше метрдей

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Құрметті Медеу ауданының тұрғындары! «Тау Самалы» шағынауданындағы лай көшкініне (еріген, жерасты суларының балшық тәрізді күйге ауысуынан топырақтың жылжуы), Медеу ауданының әкімдігі мен құтқару қызметі, қалалық қызметтер жұмылдырылған іздеу-құтқару жұмысының жалғасуына байланысты, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Медеу ауданының тұрғындарымен кездесуі бүгін, 9 ақпанда, сағат 9.00-ге ауыстырылады.

лай көшкіні болған. Сонымен бірге, жоғарыда 300–400 текше метр саз балшық массасы бары анықталған. Бұл балшық мамандардың күшімен тазартылып, қауіпсіз болу үшін төмен қарай сырғытылууда.

Айта кетерлігі, комиссия мүшелері болған оқиғаның себептерін анықтау бойынша жұмысты жалғастыруда. Бұған дейін Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин атап өткендей, үйлерді қиратқан лай көшкінінің бірнеше ықтимал себебі бар. Мәселен, Алматы қалалық ТЖД нұсқасы бойынша, болған оқиғаның алдын ала себебінің бірі – техногендік сипаттағы апат салдарынан топырақ суланып, ылғалданған.

«Қазселденқорғау» желісі бойынша себептің бірі – жоғары желіге орналасқан үй тұрғындарының жерасты су құбырын шаруашылық тәсілмен салған деген болжам бар. Сонымен қатар, мүмкін нұсқалардың қатарына үйлердің жоғарғы желісінің тұрғындары дұрыс орнатпаған нөсер кәріз құбыры, сондай-ақ таулы аймақтағы жартастақ сұйықтық ағызатын септіктер де жатады.

Дегенмен, тергеу жалғасуда. Комиссия қазіргі уақытта барлық мүмкін факторларды егжей-тегжейлі зерттеуде. Тергеу қорытындысында комиссия жұмысының нәтижесі жөнінде тиісті ақпарат берілетін болады. Тек ресми деректерге сену сұралады.

Бет қатталып жатқанда:

Медеу аудандық полиция басқармасы қылмыстық іс қозғады, оны құзыретті органдар тексеретін болады.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Кеше бір топ қаламгер мен этнограф-ғалымдар Қазақстан Жазушылар одағында «дөңгелек үстел» басына жиналды. Жиында қазіргідей бетбұрысты кезеңдегі ұлт пен мемлекеттің көз алдында тұрған аса маңызды тақырыптардың бірін тарақтаты. Ғылыми-танымдық конференцияның тақырыбы «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН» немесе ұлттық құндылықтар жазушылардың қаламымен» деп аталды.

Естай
БОЖАН

Кеңесті Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов бастап ашып, одан ары Одақ басқарма төрағасының орынбасары, акын Қасымхан Бегманов сөз алды. Ол жаһандану үдерісі ала келген өзгерістер мен сын-кәтерлер, оған қоса мүмкіндіктер кезеңінде ұлттық құндылықты заманға лайықтап трансформациялап жастарға жеткізудің қажеттілігін баса айтып өтті. Жазушылар одағы жағынан шақырылып отырған бұл кеңес және оның тақырыбы да, шын мәнінде, қазіргі мемлекеттік саясатын қажетінен туындайтынын алға тартты. Айталық, былтырғы өткен Ұлттық құрылтай кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық құндылықтарды доріктеуді аса қажет деп тапқанын сөзіне арқау етті.

Бұдан ары қарай этнограф-ғалымдар, белгілі қаламгерлер өзінің салмақты тақыпқа сай баяндамаларын ортаға салды. Соның ішінде жазушы-публицист Марат Тоқашбаев «Ұлттық құндылықтар ұлттық мемлекетке

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Кеше және бүгін



бастайды» деген салмақты ойымен бөлісті. Қаламгер «ұлттық құндылық» атты ұғымға қатысты қоғамда ортақ түсініктің жоқ екеніне баса назар аударды.

«Этнографтар «ұлттық құндылықты» әдет-ғұрпымыз дейді; педагогтар «ұрпақ тәрбиесі» дейді; енді біреулер «ұлттық құндылықтың көкесі – өнер» дейді; саясаттану-

шылар ұлттық құндылықты «ел бірлігі» дейді; тағы біреулер «ұлттық құндылық – біздің қонақжайлылығымыз» деп білгішсінеді. Шынтуайтында, ұлттық құндылық дегеніміз не? «Қазақстан Республикасының ұлттық құндылығы» деп аталатын еңбектің авторы ретінде мен үшін ұлттық құндылықтардың ең бастысы – Қазақстан-

да Ұлттық мемлекет құру», – деді М.Тоқашбаев.

Жиын соңында қатысушылар ұлттық құндылықтардың қорғалуы мен оның мемлекет экономикасына, халықтың әлеуметтік жағдайына, құқықтық салаға қызмет етуі үшін жүйелі механизм жұмыс істеуі керек дегенге тоқталды.



ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Орта Шығыстағы қақтығыс:

ЖАҢА ҚАУІП БОЙ КӨТЕРДІ

ХАМАС пен Израиль соғысы басталғаннан кейін аймақ шиеленістің жаңа деңгейіне өтті. Ұдайы мүдделер қақтығысының алаңына айналып келген аймақта қазір қауіпті жаңа тенденциялар бой көтеріп келеді. Бұл қауіптер арасында Ислам әлеміне әсер ететін ішкі наным-сенім қайшылығы да бар. Соған қоса, әлем елдеріне әсер ететін энергия дағдарысы мен халықаралық сауда қарқынын бәсеңдету сынды тұстары бар. Аталғандардың қайсысы болмасын біздің елге өз әсерін беретіні анық. Сондықтан төбесі алыстан көрінетін осы қауіптерді күні бүрғын талдап, саралай кеткен ләзім.

Сауда және энергия дағдарысы қауіп

Әуелде шағын ғана Газа маңында болып жатқан соғыстың ауқымы қазір аймаққа кеңейіп барады. ХАМАС ұйымын қолдаушы бірқатар күштер бой көрсетті. Аймақтағы талас-тартысқа араласа қоймаған белсенді экстремистік, террорлық топтар әлі де бар. Қақтығыс ауқымының кеңеюі және қатысқан мүдделі тараптардың көбеюіне байланысты сауда және энергия тармақтарына кері әсері барған сайын айқын көріне түсті. Әсіресе, хуситтер сынды үшінші бір белсенді тараптың саудаға шығуынан кейін әлем елдері жаңа қауіптердің бой көтергенін шындап сезінді.

Қызыл теңіздегі шабуылдардан кейін халықаралық сауда, әсіресе, жеткізу тармақтары тағы бір үлкен соққы қабылдады. Халықаралық маңызды су жолында ұдайы тауар және энергия тасымалдаушы компаниялардың қызметтік құны жоғарылады. Бұл біртіндеп Еуропадағы, кейіннен өзге елдер мен аймақтағы тауар және энергия бағасына әсер етеді деп күтілуде. Йемендік хуситтердің белсенділігі және оларға қарсы іс-қимылдар барған сайын жиілей түсті. Бұның соңы ашылған хусит қозғалысын стратегиялық маңызы бар нысандарға

соққы жасауға итермелейді деген болжамдар бар.

Хуситтер, әрине, негізгі нысана ретінде Сауд Арабиясының мұнай зауыттарын немесе мұнай жеткізуші тармақтарын таңдауы бек мүмкін. Себебі, осыдан екі жыл бұрын йемендік қарулы топ Сауд Арабиясындағы ең маңызды мұнай зауытына соққы жасады. Әлемдегі ең ірі мұнай зауытына жасалған шабуылдан кейін қаржы нарығында толқулар болды, мұнай бағамдары шарықтады. Бір реткі шабуылдың әсері жандық энергия саласында жарты жылға дейін өзінің кері әсерімен көрініс берді.

Бір сөзбен айтқанда, йемендік хуситтерде бұндай тәжірибе бар. Әрі оның салдары мен салмағы, өзінің ықпалын арттыра түсетін әсерінің бар екенін жақсы біледі. Олардың Қызыл теңіздегі әрекеті де осындай тәжірибеге негізделген. Өз мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, аймақтағы сауда және энергияның маңызды желілеріне шабуыл жасап жатса, оның зардабы әлем елдеріне жетеді. Мәселе бір ғана хуситтерде емес, мәселе қақтығыс, шиеленіс шеңберінің ұлғая түсуінде. Біз қазір Йеменге көз тігіп отырғанмен, дәл сондай салмақтағы қауіпті өзге бір нүктеде, өзге бір тараптың жасауы әбден мүмкін.



Коллажды жасаған Нұрболсын ӨРІСУЛЫ.

Ислам әлемінің ішкі қайшылығы асқынады

Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығыс басталған алғашқы уақытта аймақтағы әртүрлі мұсылмандық сенімдер арасында бірігу, жақындасу үрдісі болғандай көрінген. Айталық, Палестина жерінде мұсылмандар, христиандар мен яхуди-лер, өзге де сенім өкілдері тұрғанымен, басым көп саны сүнниттік ұстанымдағы мұсылмандар. Соның ішінде Газаны өз бақылауына алған ХАМАС та сүнниттік ұстанымдағы ислам қозғалысының бірі. Ал Израиль мен соғысы кезінде оларға Иран қолдауындағы «Хезболла» мен Йемендегі хуситтер секілді шиттік ұстанымдағы ұйымдар қолдау танытты.

Ливандық «Хезболла» шиит мұсылман қозғалысы Израильдің 1982 жылы Ливанға басып кіруінен кейін елдегі азаматтық соғыс кезінде пайда болған. Оның жауынгерлерін аймақтағы билігін кеңейту үшін қарулы прокси топтарын пайдаланатын Иран ішінара дайындап, қаржыландырды. ХАМАС-тан өзге Израиль үшін

ең үлкен қауіп төндірген де осы ұйым. Газада қазан айында басталған соғыстан бері Хезболла мен Израиль күштері Ливан-Израиль шекарасы арқылы бір-біріне шабуыл жасады. «Хезболла» мен ХАМАС ұйымдарын Израиль, АҚШ, Еуропалық Одақ және т.б. елдер террористік ұйым деп таниды. Ал Йемендегі сүнниттік билікті аударып, елдің ауқымды бөлігін басып алған хуситтер де аймақтағы ықпалды шиттік күш. Олар да Газадағы мұсылман қозғалысына қолдау көрсетті.

Бұл арада сүнниттік және шиттік ұстанымдар ішкі идеологиялық қайшылықты қайырып тастап, Израиль мен Америка Құрама Штаттарына қарсы ұстанымда жақындасқаны байқалды. Алайда, үрдістің дамуы осының керісінше нәтижеге соқтыруы бек мүмкін. Израиль мен АҚШ-тың Орта Шығыстағы дәстүрлі стратегиясы ежелден табысты жүргізіліп келеді. Бұл арада біз сүнниттік және шиттік ұстаным қайшылықтарының Тель-Авив пен Вашингтонның қолына келетінін мойындауы-

мыз керек. Әрі аймақтағы осы идеологиялық бөліністі өзіне тиімді пайдаланудың мол тәжірибесі бар екенін де мойындауға тура келеді.

Қазіргі жағдайдан біз шиттік топтардың аса белсенді әрекет етіп жатқанын көріп отырмыз. Бұл осы топтарды қолдаушы аймақтағы басты ойыншының бірі саналатын Иранның белсенділігі деп түсіну керек. Ал Израиль мен АҚШ Араб түбегіндегі және Парсы шығанағындағы, жалпы Орта Шығыстағы өз одақтастары мен серіктерінің күшін әлі іске қосқан жоқ. Бұл бағыттағы іс-қимылдар алдағы уақытта жандана түсуі де бек мүмкін.

АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкеннің Сауд Арабиясы мен Шығанақ елдеріне жасаған сапарынан кейін аймақта шиттік күштерге қарсы жаңа екпінді қарсылық пайда болуы ықтимал деп болжай аламыз. Аймақтың алдағы жағдайын болжауда АҚШ пен Израильдің сол аймақтағы мол тәжірибесін толық бағалау аса маңызды. Осының бәрінен біз Орта Шығыстағы қазіргі қақтығыстар біртіндеп ислам ішіндегі сүнниттік және шиттік ұстаным қайшылығы арасындағы шиеленіске қарай дамып кету ықтималдығын көреміз. Әрі бұл ислам әлемінің бір пұшпағы саналатын елімізге де өзіндік әсерін тигізери анық мәселе.



Естай БОЖАН, сарапшы.

САРАПТАМА

Жаңа Үкімет:

ЖСДП мен ҚХП ҚАЛЫС ҚАЛДЫ

Ақпан айы маңызды саяси оқиғалармен басталды. 5 ақпанда бұрынғы Премьер-министр Әлихан Смайылов бастаған Үкіметтің отставкаға кетуі көпшілік күтпеген жаңалық болды. Халқымыз үшін қасіретті «Қаңтар» оқиғасынан кейін осы лауазымға тағайындалған Әлихан Смайылов екі жылдан астам уақыт бойы атқарушы биліктің тізгінін ұстады. Енді оның орнын Олжас Бектенов басты. Оның кандидатурасын Мәжілістегі билеуші партия АМАНАТ фракциясы ұсынды. Президент ұсынысты мақұлдады. Әрине, парламенттегі өзге фракциялармен ақылдасты. Қалған 5 фракцияның ішінде ЖСДП пен ҚХП Олжас Бектеновтың кандидатурасын мақұлдаған жоқ. Сөйтіп, Мәжілісте дауыс беру барысында қалыс қалды. Қалыс қалудың өзі саяси ұстаным.

Үкімет құрамы 16%-ға жаңарды

Жаңа кабинет басшысы тағайындала салысымен Үкімет құрамын жасақтады. Жаңа Үкімет өзімен қосқанда 26 мүшеден тұрады. 25 шенеуніктің 4-еуі жаңа есімдер. Үкімет 16%-ға жаңарды. Олар: Қаржы министрі – Мәди Такиев, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Денсаулық сақтау министрі – Ақмарал Әлназарова, Төтенше жағдайлар министрі – Шыңғыс Әрі-

нов. Қалған министрлер мен кабинет басшысының орынбасарлары ескі үкіметтен мұра болып қалды.

Олжас Бектеновтың тағайындауларында бірнеше ерекшеліктер бар. Біріншіден, енді Ұлттық экономика министрі лауазымы Премьер-министрдің орынбасары қызметін қоса атқарады. Әлихан Смайыловтың кезінде бұлай болмады. Ол басшы болған тұста Тамара Дүйсенова орынбасарлықпен бірге Еңбек және халық әлеуметтік қорғау министрі қызметін атқарған болатын.

Кейін әкімшілік реформадан соң Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Светлана Жақыпова тағайындалды. Себебі, бұл министрлік маңызды құрылым еді. Енді, міне, жаңа министр осы тәжірибені Ұлттық экономика министрлігінде қолдануда. Жаңа министр әрі орынбасар екі кемең басын ұстап тұра ала ма? Мұны уақыт көрсетеді.

Екіншіден, соңғы уақытта экономика, қаржы, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар министрліктеріне халық және сарапшылар тарапынан сын көп айтылды. Мұны жаңа Премьер-министр ескерген сынайлы.

Салық түсімі мен инвестиция тарту арқылы табыс таппақ

7 ақпанда Президенттің басшылығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен

ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі. Президент өз сөзінде Жаңа Үкіметке 2029 жылға қарай экономиканың көлемін 450 млрд долларға жеткізуді тапсырды. Ол үшін жылда өсім 6% құрауы тиіс. Былтыр 5,1% болған. Бұл да Әлихан Смайылов үкіметінің қызметтен кетуіне себеп болған сияқты.

Мемлекет басшысы осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндет жүктеді. Олардың ішінде ең негізгілері екеу: бюджет және салық саясатын жетілдіру, инвестиция тарту. Президенттің Үкіметке берген тапсырмаларынан алдағы уақытта көлеңкелі экономикамен және олигополиямен күрес болатынын болжауға болады.

Президенттің сөзінше соңғы 5 жылда бюджет тапшылығы 11 трлн теңгеден асып кеткен. Бюджет дефициті жоғары. Жаңадан тағайындалған қаржы министрі Мәди Такиевтің алдында осы олқылықты жою міндеті тұр. Тапшылықты жоюдан бөлек, бар ақшаны бөлу мәселесі де ақсап тұр. Бюджетті бөлген кезде эко-

номикалық ынталандыруға мән беру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа инвестициялық кезеңді бастауды тапсырды. Ол үшін инвестициялық штаб құрылады. Штабтың жұмысының нәтижесі жарты жылда белгілі болмақ. Елдің экономикасына инвестициялар екі түрлі жолмен келуі керек. Бірі – ішкі және сыртқы инвесторларды ынталандыру арқылы, ал екіншісі – сыртқа заңсыз шығарылған активтерді елге қайтару.

Бұдан бөлек, Президент І айдың ішінде экономиканы либералдандыру Жарлығын дайындауды тапсырды. Демек, алдағы уақытта мемлекеттің нарыққа заңсыз араласуына тосқауыл қойылады деген сөз. Әрине, ол заңның сапасы мен орындалуына байланысты.



Перлехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



ЖИЫН



© Урағаткерлерден Сәлімәт ҚУСАЙЫНОВ.

МЕРЕЙЛІ ЖАСҚА
КЕЛДІ

Достық үйінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Айткүл Самақованың 75 жылдығына арналған мерекелік іс-шара өтті.

Жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова қатысты.

Айткүл Самақова Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның бірінші төрағасы, бұрынғы Қоршаған ортаны қорғау министрі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бұрынғы депутаты болып ұзақ жылдар елге елеулі қызмет қылды.

«Біз ел халығы үшін аянбай еңбек еттік. Қиын-қыстау кезеңдерден өттік. Егер мемлекетке барынша берілген адал азаматтар еңбек істей білсе, өркендейміз. Сондай-ақ, ауыл жастарын қолдап, қолпаштап қызметтік жолмен өсіру қажет. Сонда ғана еліміз гүлденіп, мықты кадрлар елді дамытады», – деді мерейтой иесі А. Самақова.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ДИАГНОСТИКА

Бұл құрылғы дәрігерлерге жаңа туған нәрестелердің көз патологиясын, соның ішінде шала туған нәрестелердің ретинопатиясын дер кезінде анықтауға көмектеседі. Орталықта заманауи диагностикалық құралдар «AYALA» қайырымдылық қорының «Әлемді көремін» жобасы және Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен ынтымақтастық туралы меморандум аясында іске асты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қайырымдылық қордың еліміздегі медициналық орталықтарына тарту еткен осымен жетінші ретиналды камерасы. Биыл осындай диагностикалық құрылғылармен тағы екі облыстық Перинаталдық орталықты – Ақтөбе мен Атыраудағы орталықтарды жарақтандыруды жоспарлап отыр.

FORUS NEO (Үндістан) ретиналды камерасы офтальмолог-дәрігерге реанимация жағдайында және жаңа туған нәрестені ӨЖЖ аппаратына қосқанда да баланы диагностикалауға мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндік басқа құрылғыларда жоқ.

«AYALA» қайырымдылық қоры «Әлемді көремін» жобасын үшінші жыл жүзеге асырып келеді. Қор тиімді қайырымдылық тәсілін қолдана отырып, қазақстандық офтальмолог-дәрігерлерге Қазақстанның 17 перинаталдық және ғылыми орталықтарында 4,5 мыңнан астам жаңа туған нәрестелерді диагностикалауға, оларды 26 бірлік диагностикалық және лазерлік жабдықтармен қамтамасыз етуге көмектесті.

«Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында жыл сайын 8,2 мыңнан астам нәресте дүниеге келеді, оның ішінде дене салмағы өте төмен 800 шақты сәби бар. Ретиналды камера бұл орталықтың офталь-

«ӘЛЕМДІ КӨРЕМІН»

Алматының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына ретиналды камера орнатылды



Суретті нұсқауға Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сабина СМАГУЛОВА, Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының офтальмолог-дәрігері:

– Бұл камераның ерекшелігі сол, бірнеше сурет түсіріп, ата-анасымен, шетелдік әріптестермен бөлісеміз. Хирургиялық емдеу әдісін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Процесс дайындық арқылы өтеді. Балалар өте кішкентай, яғни алғашқы тексеру туылғаннан кейін 21–25 күн ішінде өтеді. Камера баланы тексеруге дайындайды. Нақты уақыт режимінде одан әрі диагностикалау және емдеу үшін бірқатар суреттер түсіріледі.

молоғтарына жедел және дәл диагноз қоюға және қажетті емді уақытылы ұсынуға көмектеседі, соның арқасында жүздеген бала көру қабілеті бойынша мүгедектіктен құтыла алады», – деп атап өтті «AYALA» қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті Айдан Сүлейменова.

Қайырымдылық қор 2021 жылдың мамырынан бастап ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен Меморандумға сәйкес «Әлемді көремін» жобасын жүзеге асыруда.

2023 жылдың қазан айында қор Алматы қаласы ҚДСБ Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығымен де ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Жобаны іске асыру кезінде Қазақстанда ретинопатияға байланысты шала туған балалардың көру қабілеті бойынша мүгедектігі 0,6 пайызға дейін төмендеді.

АНЫҚТАМА

* Шала туған нәрестелердің ретинопатиясы – шала туған нәрестелердің көз торының (жарыққа сезімтал аймағының) дамуының бұзылуымен байланысты ауруы, ол толық соқырлыққа әкелуі мүмкін. Бала мерзімінен неғұрлым ерте туған сайын онда ретинопатияның күрделі түрлерінің пайда болу ықтималдығы жоғары болады, өйткені көз торының қалыптасуы гестацияның 39-40 аптасында ғана аяқталады. Қазақстанда жыл сайын 20 000-нан астам шала туған нәрестелер дүниеге келеді, олардың 20%-ын дене салмағы 500-ден 1000 грамға дейін өте төмен балалар құрайды. Шала туған балалардың ретинопатиясында ешқандай сыртқы белгілер жоқ. Сондықтан арнайы жабдықтардың көмегімен мамандандырылған және білікті офтальмолог қана аурудың белгілерін ерте анықтап, баланы лазермен хирургиялық түзетуге жібере алады. «AYALA» қайырымдылық қоры – Қазақстандағы неонатологияға маманданған жалғыз қайырымдылық қоры.

ПОЛИЦИЯ

ҰРЛЫҚ САНЫ АЗАЙДЫ

Алматы полицейлері мүлік ұрлығының алдын алу және қала көшелерінде телефон ұрлығы бойынша профилактикалық шаралар жүргізуде. Алматы қаласы Полиция департаментінің өкілі Салтанат Әзірбек ӨКҚ брифингінде сөйлеген сөзінде қылмыстың бұл түрі ең көп таралғанын атап өтті.



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Полиция департаментінің спикері атап өткендей, биыл ұрлықты ашу пайызы өсті. Қылмыскерді табу үшін полицейлер қауіпсіздік камераларының жазбаларын қарайды. Тәртіп сақшылары бөтеннің мүлкін ұрлауды анықтау үшін ұрланған ұялы телефондарды сатып алу және өткізу орындарында профилактикалық шаралар жүргізеді.

«Біз профилактикалық шараларды жиі өткіземіз. Мысалы, Медеу ауданында Пушкин мен Мақатаев көшелерінің қиылысында бірқатар қала тұрғындары ұсталған ұялы телефондарды сатады. Ұрланған телефонды әдейі сатып алуға тыйым салынады және ол үшін 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Егер адамның қолындағы телефоны ұрланған екендігі туралы дәлелдер болса, ол ұсталады», – деді ӨКҚ спикері.

Ұрлық үшін жауапкершілік туралы ескерткен Полиция департаментінің өкілі аталған қылмыстарды жасағаны үшін ҚР ҚК 196-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көзделгенін және 6 жылға дейін бас

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қаласы Полиция департаментінің
ресми өкілі:

Өткен жылы Алматы полициясы бөтеннің мүлкін ұрлағаны үшін 3 мыңнан астам адамды ұстады, оның 150-ден астамы – шетелдіктер. Сонымен қатар, полицейлер 118 пәтер ұрлығын жасаған 24 қылмыстық топтың заңсыз әрекетін тоқтатты. Сондай-ақ, құлыпты бұзу, айнекті сындыру және бөлшектеу арқылы автокөліктерді ұрлаумен айналысатын 17 топ ұсталды.

Екі жыл бұрын біз ломбардтармен тығыз ынтымақтастықты бастадық, меморандумға қол қойдық. Көбінесе ұрланған мүлік олардың иелігінде болды. Қазір бұл үрдіс төмендеуде, өйткені ломбард қызметкерлері күдікті мәмілелер кезінде полиция қызметкерлеріне өздері хабарлайды немесе бұл мәмілені жасамайды.

Көбінесе 1-2-қабаттағы пәтерлерде тұратын адамдар терезені ашып кетеді. Бұл жағдайда терезелер торлармен жабықталмаған. Сондай-ақ, ұрылар әлеуметтік желілерді бақылап отырады, иелері демалысқа кеткенін сол жерден біліп отырады. Адамдар өздері «біз 10 күннен кейін боламыз» деп демалысқа кеткендерін аңдамай хабарлап отырады.

бостандығынан айыруға жазаланатынын атап өтті.

Полиция өкілі жедел уәкілдер қоғамдық орындарда (сауда орталықтарында, базарларда, қоймаларда, компьютерлік клубтарда және т.б.) жеке мүлкін ұрлаған 119 топтың қызметін тоқтатқанын хабарлады. Бір мезгілде 314 эпизодтық ұры ұсталды, олар бөтеннің мүлкін ұрлаудың 488 фактісін жасағаны үшін әшкереленді. Оның айтуынша, бірінші қабаттардағы үйлер мен пәтерлерге терезелер арқылы кіру – домушниктердің сүйікті тәсілі.

Спикер алматылықтарға пәтер ұрлығынан қалай қорғану керектігі туралы кеңестер берді: олар – дабыл орнату, кілтті көршілерге қалдырмау, кілтті оқшауланған сияқты болып көрінетін орындар мен кілемшенің астына немесе басқа жерлерге қалдырмау.

Ұрланған затты сатып алу ҚР Қылмыстық кодекстің 196-бабының талабына сәйкес, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет.

ЖАТТЫҒУ

Сейсмикалық оқу-жаттығу өткізді

Алматы қаласы Түркісіб ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлерінің қатысуымен Түркісіб ауданы №24 қалалық емханада жоспарлы сейсмикалық оқу-жаттығу өткізді.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Сейсмикалық дайындықты бастамас бұрын, эвакуациялау кезіндегі қауіпсіз орын анықталады. Бұл электр желілерінен, ағаштардан және ғимараттардан алыс орналасқан ашық аумақ. Емхананың барлық қызметкерлері мен емделушілері бағыт бойынша көрсетілген орынға эвакуацияланды.

Бұл оқу-жаттығу жұмыстарының мақсаты – емхана қызметкерлерінің дайындығын тексеру, қызметкерлерді және емделушілерді жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекет ережелеріне үйрету. Сонымен қатар, Түркісіб ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау капитаны Әлібек Жарқынбеков жер сілкіну кезіндегі қарапайым 10 қадам ережесі мен жер сілкіну кезіндегі дабыл қағуға қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР!

Қазақстан – мұхитқа шыға алмайтын әлемдегі ең үлкен мемлекет. Оған қоса, елімізде 85 мыңға жуық өзен болғанымен, олардың көпшілігінің бастауы көрші мемлекеттердің аумағында. Осы және өзге де факторлар мемлекетімізді су тапшылығы сезілетін елдердің қатарына қосады. Дәл қазір бұл мәселе азаматтарға өткір сезілмесе де, ғалымдардың болжамы бойынша, 2050 жылға қарай Орталық Азия мемлекеттерінде басты мәселеге айналуы мүмкін.

Досбол АТАЖАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен айдың соңында Алматыға жасаған жұмыс сапары кезінде қаладағы сумен қамту нысандарының құрылысымен танысқан болатын. Президент Алматы қаласын сумен қамту желісінің қазіргі жай-күйімен танысқаннан кейін Медеу ауданында болған жағдайдың қайталануына жол беруге болмайтын ескертті.

«Қазақстан су тапшылығы сезілетін мемлекет. Бізге жалпы мемлекеттік бағдарлама қажет. Бізде ауызсумен бау-бақшалар суарылады, көлік жуылады, ондайға жол беруге болмайды. Әлемнің бірде-бір елінде мұндай жоқ. Оның орнына су үнемдеу технологиясын қолданысқа енгізіп, жер астынан жаңа су көздерін іздеу қажет. Алматының тұрғындары ауызсудың тапшылығына жиі шағымданады. Сондықтан кешенді, жүйелі жұмыс жүргізілуі керек», – деді Президент.

Айта кеткен жөн, былтыр жаз кезінде алматылықтар, әсіресе, Медеу ауданының тұрғындары су тапшылығын сезінген болатын. «Тау-Самал» шағынауданында су деңгейі 2,5 есе түсіп, Медеу ауданының әкімі тұрғындармен арнайы кездесу де өткізді. Ал тамыз айында Алматы облысының фермерлері су тапшылығынан егіске қауіп төніп тұрғанын айтып дабыл қақты.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫЛАРЫ НЕ ІСТЕП ЖАТЫР?

Өңірдегі су тапшылығы мәселесіне Үкімет пен Парламент депутаттары тарапынан да көңіл бөлінуде. 1 ақпан күні Алматыда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысы қарсаңында Қазақстан мен Қырғызстан Үкімет басшылары су саласындағы ынтымақтас-тық жөнінде келіссөз жүргізді. Ал Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев өткен жылдың желтоқсан айында Парламент қабырғасында бұл мәселеге байланысты баяндама жасады.

«Еуропалықтар біздің көлікті ауызсумен жуатынымызды көргенде есінен танып қалатын шығар. Бізден басқа бәрі бұл әрекетімізге таңқалады. Президент су тұтыну мәдениетін қалыптастыру мақсатында суды нормадан тыс тұтынатындарға жоғары тариф енгізу міндетін қойды. Бұл – дұрыс шешім. Суды белгіленген мөлшерден көп пайдаланғандар көбірек төлеуі орынды. Егер қазір су ресурстарын үнемдеумен айналыспасақ, онда біз балаларымыз бен немерелерімізді сусыз қалдырамыз. Бізде көріз суларының тек 3%-ы қайта пайдаланылады. Израильде бұл көрсеткіш 100%. Мысалы, Алматы ЖЭО-2-ге таза суы бар екі құбыр кіреді, ол қала тұрғындарын жылыту мақсатында ғана пайдаланылып, кейін көріз құдығына құйылады», – деп атап өтті депутат.

Жаңадан құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігінің басшысы Нұржан Нұржігітов биыл 30 қаңтар күні «Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын» таныстырды. Ондағы мақсаттардың бірі – 2030 жылға дейін тасымалдау кезіндегі су шығынын 50%-дан 25%-ға дейін азайту. Сондай-ақ, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және су тапшылығын азайту мақсатында 20 су қоймасын салу, 15 су қоймасын реконструкциялау жұмыстары қарастырылған. Алматы облысындағы егіс алқаптарының 67%-ына су үнемдейтін суару жүйесін енгізу де жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, Су ресурстары және ирригация министрлігі көлік жууға ауызсуды пайдалануды заңды түрде тоқтату мәселесі қарастырылып жатқанын мәлімдеді.

«Біз қазір Су кодексінде көлік жуу орындары бар кәсіпкерлерге пайдаланылған суды қайта тазалайтын жабдықтарды орнатуға міндеттеуді қарастырып жатырмыз. Яғни бір



Суреттері түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КЕРЕК ДЕРЕК

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ деректері:
 – Әлемде 2 миллиард адам су тапшылығы бар мемлекеттерде тұрады. Су тапшылығы қазірдің өзінде әрбір 10 адамның төртеуіне әсер етуде.
 – Барлық табиғи апаттардың 90%-ы сумен байланысты. Су тасқыны мен құрғақшылықты қосқанда 2001–2018 жылдар аралығында орын алған табиғи апаттардың шамамен 74 пайызы сумен байланысты.
 – Жыл сайын бес жасқа дейінгі 297 000 бала таза емес суды пайдалану мен гигиенаның нашарлығы салдарынан диареедан қайтыс болады.
 – Азынды сулардың 80%-ы тазартусыз экожүйеге қайтарылады.
 – 2040 жылға қарай әрбір төртінші бала судың тапшылығы өте жоғары аймақтарда тұратын болады.
 – Әлемдегі барлық аурулардың 85%-ы су арқылы жұғады.
 – Адам өмірі үшін ауадан кейін су екінші қажеттілік. Адам тамақсыз шамамен алты апта, ал сусыз 5–7 күн ғана өмір сүре алады. Өмір бойы бір адам шамамен 35 тонна су ішеді.

рет алынған су қайта пайдаланылады», – деді Нұржан Нұржігітов.

Дегенмен, Президент сәрсенбі күні өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында жаңадан құрылған министрлік жұмысына көңіл толмайтынын және су үнемдеу технологиясын кең ауқымда енгізу қажеттігін айтты.

«Быттыр Жамбыл облысының дикандары су тапшылығынан қатты зардап шекті. Биыл да құрғақшылық болуы мүмкін. Арнайы құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігінің жұмысы әзірге ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Ал көрші мемлекеттер су тапшылығын жою үшін нақты мақсат қойып, белсенді жұмыс істеп жатыр. Ал бізде су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы жақында ғана қабылданды», – деді Мемлекет басшысы.

БІЗ НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?

Билік тарапы осы бағытта жұмыс атқарып жатса, халықтың «алма піс, аузыма түс» деп отыра беруі болмас. Ел мен ұрпақ болашағы үшін әр азаматымыз суды шынайы қажеттіліктерге үнемдеп қолданғаны жөн. Шынайы нәтижеге бір жақты жету мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе анық көрсетіп отыр. Бұл мәселеге Президент те тоқталып өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында қалың көпшілік арасында суды үнемдеу мәдениет қалыптастыру қажет екенін айтты.



«Шыны керек, біз суды тым орынсыз жұмсаймыз. «Судың да сұрауы бар». Бүкіл ел болып суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Көрші мемлекеттердің тәжірибесін зерттеп, тиімді тұстарын алу қажет. Елді сумен қамтамасыз ету – аса маңызды міндет, ұлттық қауіпсіздік мәселесі деуге болады», – деді Президент.

Осы орайда, назарларыңызға ЮНИСЕФ жариялаған күнделікті өмірде суды тиімді үнемдеудің ақыл-кеңестерін ұсынамыз:

1. Себезгіні (душ) қосып, судың жылығанын күткен уақытта таза судың 10%-ы босқа кетеді. Сондықтан бұл суды босқа ағызып жібермей, оны шелекке жинап алу қажет. Алынған суды үйдегі гүлдер мен өсімдіктерді суаруға немесе көлік, еден жууға қолдануға болады.
2. Тіс жуу және басқа да жағдайларда су шүмегін (кран) өшіріп тұру маңызды. Шүмек ашық тұрған әр минут сайын 6–12 литр аралығында су ағып кетеді. Егер күніне екі рет тіс жуу кезінде суды өшіретін болсақ, 30 литрге дейін үнемдеуге болады. Ал жылына 11 мың литрге жуық таза су сақталады.
3. Киім-кешекті салқын сумен жуу керек. Жылы сумен тазалау функциясы кезінде кір жуатын машина энергияның 90%-ын суды жылытуға жұмсайды. Яғни ток пен су босқа жұмсалады.
4. Егер сіз темекі шегетін болсаңыз, сөнген темекі тұқылын ешқашан жерге тастамаңыз. Темекі тұқылыдары – су ресурстарының ең қауіпті ластаушысы. Жерге тасталған темекі тұқылыдары жауын-шашынмен арық не көріз жүйелері арқылы өзен-көлдерге түседі. Суға түскен темекі қалдығы улы химикаттар бөліп, балықтардың улануына және судың ластануына әкеледі.

ТҮЙІН:

Өткен жылдары су мәселесін ғалымдар ғана көтеріп жүрді. Енді сусыз қалу қаупінің өзектілігі айқындалған кезде оған халықаралық ұйымдар мен мемлекет басшылары да көңіл бөле бастады. Осы тұста халықтың да су мәселесіне шынайы назар аударып, оны үнемдеуі қажет. Бүгінге дейін елімізде тек тұтынушылық мәдениеттің қалыптасқаны жасырын емес. Әділетті жаңа мемлекет құру үшін мұндай сұрақтарға қоғам болып жауап іздегеніміз жөн.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалының газ желілерін пайдалану қызметі Бөгенбай батыр көшесі, 103-үй мен Пушкин көшесінің қиылысындағы, сондай-ақ «Мұзтау» ықшамауданындағы газдың шығып кетуін дер уақытында анықтады.

ГАЗ ҚАУІПІ ДЕР КЕЗІНДЕ АНЫҚТАЛДЫ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Алматы» магистральды газ құбырлары басқармасы газ желілерін пайдалану қызметі «Пергам» жылжымалы зертханасымен бірлесіп, Бөгенбай батыр, 103 пен Пушкин көшесінің қиылысындағы мекенжайдағы Д-325 мм төмен қысымды жерасты газ құбырында газдың шығып кетуін дер кезінде анықтады.

Осыған байланысты осы жылдың 7 ақпанының кешінен бастап «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Құрманғазы – Панфилов – Қайырбеков – Төле би көшелерінің аумағында газды тамақ әзірлеу үшін пайдаланатын 130 көпқабатты үй мен 18 жеке сектордағы үйлерге газ беру тоқтатылды. Сонымен қатар, «Мұзтау» шағынауданында газ беру тоқтады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, түнгі уақытта жұмыс жүргізуге тыйым салынғанын хабарлайды. Осыған байланысты жұмыстар кеше таңғы 8-ден басталды. Газбен жабдықтау 14.00-ге дейін қалпына келтірілді, – деп хабарлады «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ өкілдері.

ЗАҢ – БАРШАҒА ОРТАҚ

ҚОСЫМША ҚҰРЫЛЫС СҮРІДІ Алматыда кезекті заңсыз жапсарлас құрылыс сүріле бастады

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы Достық даңғылы, 40/1 бойында орналасқан Degirmen кафесіндегі жапсарлас құрылыстың бұзыла басталғаны туралы хабарлады. Сот шешімімен ол заңсыз деп танылды. Тамақтану желісінің нүктесі рұқсат құжаттарының салынған жапсарлас құрылыста орналасқан.

Быттыр 19 маусымда басқарма заңбұзушылық дәйегімен ҚР ӨҚБТК 319, 322-баптарының 1-бөлігі бойынша «Ала кафе» ЖШС қатысты шаралар қабылдады. Әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот қосымша құрылысты заңсыз деп тапты. Дегенмен, жауапкер тарап апелляциялық шағым түсірді.

Алматы қалалық сотының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы қаулысымен бірінші сатыдағы шешім өзгеріссіз қалды. Бүгін сот шешімін орындау мақсатында бұзу жұмыстары басталды. Міне, осылай Алматыда кезекті заңсыз жапсарлас құрылыс сүріле бастады.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



ҚЫЛҚАЛАМ



АҚШАМДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШ

Жас суретшінің картиналары отбасы құндылықтарын дәріптейді

Жас та болса өзіндік қолтаңбасы қалыптасып үлгерген суретші Нұрболат Асқардың картиналары адамды бірден баурап алады екен. Оған Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ашылған GALAM деп айдар тағылған жеке көрмесіне барғанда көзіміз жетті. Несімен баурап алады? Сол туралы аз-кем тарқатайық.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

GALAM

Өмір болған соң кей-кейде жанымызды мұң басып, көңілімізге сәтсіздіктердің көлеңкесі түсіп, жабырқап қалатынымыз бар. Ал ондай сәттерде өнер деген күдіреттің де жан-дүниеніңге шуақ сөбетін кездері болады. Нұрболаттың GALAM-ы сіздің жан-дүниеніңіздің ішкі қылдарын нәзік қана шертіп өтері сөзсіз. Әлдебір күйге бөлеп,

тіпті қолмен ұстай алмайтын шабыт сыйлауы мүмкін. Демек, GALAM жәй ғана көрме емес, ол – адамның ішкі ғаламы. Иә, жас суретшінің туындыларында күнделікті өмірдің жан тебірентерлік сұлулығы, күн сайын кездесетін жаңа эмоциялар мен алуан түрлі мезеттер бейнеленген. Бәрінде де жұмсақ жылы түстер басым.

БОЯУ

– Суретшінің елуге тарта туындысының басын біріктірген көрмесі отбасы және ондағы жылы атмосфера, күнделікті тұр-

мыс-тіршіліктің бірқалыпты тербелісі, тыныштығы, әсем табиғат сынды көптеген тақырыпты қамтиды. Автор бейнелі кескіндеме мен импрессионизмнің үйлесімін сәтті қолданған. Ол көбіне қанық контрастар мен жылы реңктерді байланыстыру арқылы сүйікті мотивтерімен эксперимент жасап, түс қарқындылығын арттыруға тырысады. Жас суретші бояудың бай тілін шебер меңгерген. Оның кескіндемесі түстердің мерекесі десек те жарасады, онда әрбір реңк бір-бірімен байланысып, бірегей және үйлесімді композицияларды құрайды. Суретші колоритінің байлығы оның шығармаларын көріктендіріп қана қоймайды, сонымен қатар түрлі сезімдерді, көңіл күйді жеткізіп, әр туындыға ерекше қуат береді, – дейді өнертанушы, көрме кураторы Самал Мамытова.

ЖЫЛУ

Иә, суретші үшін отбасы деген, бұл – махаббат, жеңіс және адамдардың рухани байлығы. Оның «Ошақ», «Ана мен бала», «Немере», «Ақ дастархан», «Төртеу» «Әңгіме», «Ою», «Талтүс» және басқа да жұмыстары отбасы құндылықтарын мың бояумен бедерлейді. Ондағы жұмсақ түстер жайлылық пен жылулықты беріп қана қоймай, адамдардың бір-бірімен рухани байланысын, бір-біріне деген ықыласын ашып көрсетеді.

Ошақ басындағы қазаны оттан түспейтін ана, оның айналасынан шықпай, жылулықтан ләззат алып жүрген ойын баласы; сәкіде шынтақтап жатқан мейірімді әке, тізесіне басын қойып алаңсыз жатқан ұлы; ақшамдағы қоңыр кеш; тіпті есіктен түскен жап-жарық сәуленің өзі барлық береке осы бір ғана отбасы тақырыбының айналасында үстемдік құрып тұрғандай.

КӨРМЕ

Боямасыз өмірден өрілген осындай шынайы бейнелерді кенеп бетіне бедерлеген жас суретшінің әр картинасының айтары, өз тілі бар. Қарапайым сюжеттерге жан бітірген суреттердің өзінен өмір мен болмысты, философиялық толғаныстарды байқауға болады. Оның шығармашылық философиясы көрермені әсемдігімен ғана таңқалдырып қоймай, бейнебір жеке саяхат пен рефлексияға шақыратындай.



Айтпақшы, «Шабыт» халықаралық фестивалінің гран-при жүлдегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Нұрболат Асқардың бұған дейінгі көрмелері Астанада, Өзбекстанда, Ресейде, Италияда, Үндістанда өткен. Картиналарын еліміздің бірқатар музейлерінен кезіктіруге болады. Тіпті, Америка, Швейцарияда жеке коллекцияларда сақтаулы туындылары да бар.

МАХАББАТ

– Мені шаңырақ иаттығы, ошақ жылуы, күн сәулесі, жылылық, махаббат, сүйіспеншілік, татулық, береке-бірлік сынды құндылықтар, қазақы болмысымыз, салт-дәстүріміз қызықтырады. Көбіне жанға жылулық беретін, көзге іліне, түсе бермейтін фрагменттерді жазғанды жақсы көремін. Өзім көріп жүрген шынайы дүниелерді саламын. Сондықтан көрмеге келген жандар картиналарымнан өздерін көре алса деймін. Шығармашылығымда түстерге қатты мән беремін. Өйткені, түстер адамға жақсы көңіл күй сыйлайды деп білемін, – дейді Нұрболат Асқар.

Суретші Нұрболат Асқардың қылқаламынан туындаған әлемі мен ғаламына саяхат жасап, жаңа эмоцияларға бөлену мүмкіндігін жіберіп алмаңыздар. Бұл көрме барлық өнерсүйер қауым үшін шабыт көзі болары сөзсіз. Көрмені көруге асығыңыздар, аталмыш музей төрінде 25 ақпанға дейін тұрады.



НЕ?

«ЖАН ӘКЕ»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры (Абай даңғылы, 103).
Күні мен уақыты:
10 ақпан, сағат 18.30.



ҚАЙДА?

«МҰҚАҒАЛИ,
МУЗАҒА...»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38 Б).
Күні мен уақыты:
10 ақпан, сағат 18.30.



ҚАШАН?

«МАХМУД
ҚАШҚАРИ»

Өтетін орны:
Ұйғыр музыкалық комедия театры (Наурызбай батыр көшесі, 83).
Күні мен уақыты:
10 ақпан, сағат 18.30.





ТАЛБЕСІК

МЕДЕУДІҢ МҰҢЫ

Шатқал маңы шатқаяқтап тұр



Медеу! Бұл атау Алматының бағына бұйырған, сан ғасыр куәсі, табиғаттың таңғажайып аумағы. Қазақтың «медет», «медеу» мағыналас сөздерінің мәні зор. Тәңіртаудың бір бүйірі – Адамзаттың ең жас тауы саналар Алатаудың бұл шатқалы талай қазақтың Тәңірден медет тілеген, ақ-адал ісін медеу еткен өңір. Бүгінде бұл маңды Медеу ақсақал Пұсырманұлы есімімен байланыстыратындар бар. Мұны да жоққа шығара алмаймыз. Бірақ бұл бергі жағы ғана.

ТУРИСТІК МАҢЫЗЫ ЗОР

Реті келген соң айтамыз, бірсыпыра жұрт аты мәлім шатқалды үйір-үйір жылқысы бел асса да, мейманасы тасымаған, парасатты да пайымды Медеу ақсақалдың құрметіне қойылған деп жатады. Бұл кісі – беріректе, ғасыр бұрын өмір сүрген кісі. Ал шатқал атам заманнан «Медеу» аталған деседі көненің көздері. Осы төңіректе пәлен ғасырдан бері арғы бабалары мекен еткен аузы дуалы, сөзі уәлі ақсақалдардың осылай дегені есте қалыпты. Соған қарағанда, есте қаларлық есімнің өзі сол жер атауына байланысты қойылса керек. Бұл да уәжді дүние.

Бұл шатқал Іле Алатауының терістік баурайында, Кіші Алматы өзені аңғарында, теңіз деңгейінен 1520–1750 м биіктікте жатыр. Шатқалды Кимасар (бір кездері «Комиссаровка» деп аталған) тау сілемі қоршап тұр. Шатқалдың шығысы Қабырғатаумен, оңтүстік-батысы Құмбелмен, оңтүстігі әйгілі «Медеу» спорт кешенімен шектеседі. Медеу шатқалы арқылы Мыңжылқы қонысына апаратын автокөлік жолы өтеді. Орманды-дала мен таулы-орманды жағрафиялық жағдайына байланысты мұнда ерекше таулы климат қалыптасқаны аян.

Міне, осы, шатқалдың 21 мың гектар жерін орман алқабы алып жатыр. Онда терек, Тянь-Шань шыршасы, долана, шетен, қайың, қарағай тәрізді ағаштар мен жапырақты, қылқанжапырақты жасыл-желек өседі. Ана бір жылдары Болай тау жотасына соққан қатты дауылдың кесірінен қылқанжапырақты тоғайдың біраз бөлігінен айырылғанымыз бар. Сан жылдар жотада өскен қарағайлардың тамырының тайыздығынан ұйытқыған табиғи апатқа төтеп бере алмағаны рас.

Медеу шатқалы алматылықтар мен қаласы тұрғындарының демалыс аймағы саналады әрі туристік маңызы зор. Шатқалда «рекордтар мекені» аталған әлемге аян «Медеу» мұз айдыны, басқа да әлеуметтік инфрақұрылымдар орналасқан. 1972 жылы сел тасқынына қарсы Медеу бөгеті салынған. Әйгілі ақын Тайыр Жароковтың «Тасқын» поэмасы табиғаттың осы бір тосын құбылысына арналған болатын.

КӨЛІК ҚОЯТЫН ОРЫН ЖОҚ

Редакцияға қонырау шалған алматылық, газетіміздің тұрақты оқырманы, «Медеу» спорт кешенінің ардагері Дулат Кейкин Медеу мұз айдынының бүгінгі жайы мазалайтынын айтады. Дулат Жәрдемұлы – аталған кешенде 4 жыл тоназыту қызметінің басшысы, 18 жыл осы мекемеде бас инженер болған азамат.

«Осыдан бір ай бұрын балаларымды «Медеу» мұз айдынына демалысқа апардым. Сонда көзімнің жеткені, жеке көлікпен әрең жеткеніміз. Шатқалдың автокөлікке лық толғаны, көлік қоятын орын жоқтығы. Бүгінде арнайы автокөліктен өзгесі Шымбұлаққа жіберілмейді. Демалыс, мереке күндері «Медеу» мұз айдынына келетін демалушы мен туристердің көптігінен автотұраққа жиі орын

болмай қалады. Медеудің бүгінгі көрінісі осындай. Шатқалдың экологиялық тазалығы туралы айтпаса да болады», – деп мұңайды Медеу спорт кешенінің ардагері.

LRT ЖЕЛІСІ ЖҮРГІЗІЛУІ КЕРЕК

Оқырманмыз «Ақшамнан» Алматы әуежайына LRT желісі жүргізілетіні жайлы ақпаратқа қатысты да пікірін білдірді. «Меніңше, – дейді ол, – бірінші кезекте LRT желісін Медеу шатқалы жаққа жүргізу керек. Шымбұлақ сияқты Медеуге де жеке автокөліктерге кіруге тыйым салу қажет. Ол үшін қала мен Медеу шатқалы арасындағы автожолдың жиегіне көп қабатты автотұрақ салып (селден қорғайтын темір қондырғылар маңына), сол жерден Медеу шатқалына дейін

LRT желісін салу керек». Демек, Медеу шатқалындағы инфрақұрылымға да көңіл бөлетін уақыт жеткендей.

АУМАҚТА ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ ҚҰРЫЛАДЫ

«Шымшық сойса да, қаспшы сойсын» дегендей, тағы да Медеуге қатысты ардагер-маманның сөзіне кезек берелік. «Медеуге келгенде бірден көзге түсетін көрініс: Өрт сөндіру депосының ғимараты мен оның үлкен қақпасы. «Медеу» мұз айдыны солардың көлеңкесінде қалып қойған. Сол өрт сөндіру депосы қазір «Медеу» спорт кешенінің жазғы ашық жүзу бассейнінің (спорт кешені жүзу бассейнінен айырылды) орнында тұр. Кезінде қала әкімшілігі оны өрт сөндірушілерге берген. Өрт сөндірушілерге беру себебі, оларға мол су қоры қажет екен. Ал бұл қазір бассейнді көміп тастаған. Сонда кім не ұтты?..».

Оның айтуынша, мұз айдынының батыс жағында ескі тоназыту станциясы, электр қазандық пен электр подстанциясы ғимараттары болған. «2001–2003 жылдардағы қайта жаратқандан (реконструкция) кейін олар босап, ол жерде спорттық ойын залы, тренажер залы болады деп жоспарланған. Қазір ол ғимараттар бұзылып тасталған, артқы қабырғалары абақтанбай, қазірге дейін жабынмен жабулы тұр. Шатқалдағы қонақүй архитектуралық ескерткіш болатын, ол да бұзылып, орнына қазір қорапша ғимараттар салынып жатыр. Айтарым осы», – дейді Дулат Кейкин.

Аталған шатқал мен оның маңындағы тоғай, көл, тоғандар билік тарапынан ескерусіз қалып жатқан жоқ. Дегенмен, кем-кетік де жеткілікті. Бұл орайдағы жаңалық – Медеу шатқалы, Баум тоғайы, Сайран көлі, Боралдай тоғандары, Іле Алатауы табиғи паркінің аумағында жасыл дәліз құрудың қолға алынатыны. Бұл жаңа жоба қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сай әзірленген егжей-тегжейлі жоспарлауда (ЕТЖ) қабылданды.

Айтайын дегеніміз, тарихи орталықта егжей-тегжейлі жоспарлау жаяу жүргіншілерге арналып қалпына келтіріледі. Ал қалған аудандарда жаяу жүргіншілер байланысы жүйесі қолға қойылады. 2030 жылға қарай Алматыда қосымша 200 шақырымдық жаяу жүргінші аймағы мен веложол жасалатын болады.

Біз білген хабарламада: «Үлкен және Кіші Алматы, Есентай жағалаулары абақтан-дыру мен көгалдандыру жұмыстары аяқталып, УАК бойында демалыс аймағы, басқа да жасыл дәліздер құрылады. Орман-саябақ аймағы Көкқайнар кентінің шығысында, «Шаңырақ-1» мен «Шаңырақ-2» ықшамаудандары арасындағы сайда, «Батыс» полиорталығында – жаңа желілік саябақ пайда болуға тиіс. Құлжа күре жолы мен Бұқтырма көшесінің қиылысы аумағында (әуежайға барар жол) көлемі 120 гектар көл мен екі өзені бар табиғи аумақты абақтандыру жалғасады» деп жазылған.

Жалпы, егжей-тегжейлі жоспарлауда Медеу шатқалы, Баум тоғайы, Сайран көлі, Боралдай тоғандары, Іле Алатауы табиғи паркінің аумағы, сондай-ақ, табиғи кешендер арасында жасыл дәліз құрудың бастамасы бар. Міне, осыған көз жеткендей.

Демек, осы бір мәліметтерге көз жеткізе келе, сөзден іске көшкенде Алматының ажары саналар, төрткүл дүниеге танымал «Медеу» мұз айдыны орналасқан шатқалдың жай-күйінің жақсаратыны анық. Шаһарымыздың Бас жоспарындағы егжей-тегжейлі жоспарлауда (ЕТЖ) қабылданған шешімнің шатқалды шиырлаған сан түрлі мәселені шешері сөзсіз.

Әзірлеген

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР»

Өтетін орны: «Алатау» дәстүрлі өнер театры («Нұркент») ықшамауданы, 6).
Күні мен уақыты: 11 ақпан, сағат 14.00 және 18.30.



ШАПИТО ИНТЕРАКТИВТІ ЦИРКИ

Өтетін орны: «La Boheme» театры (Уәлиханов көшесі, 43).
Күні мен уақыты: 11 ақпан, сағат 14.00.



«ДОН ЖУАН»

Өтетін орны: «Жас сахна» театры (Абай даңғылы, 125).
Күні мен уақыты: 11 ақпан, сағат 19.00.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



● МЕРЕЙ

Ізденіс нәтижелері

Талқыға түскен диссертация – ұлттық идея мәселесі қазақстандық қоғамдық сананы үнемі мазалап келе жатқан өзекті тақырыптардың бірі. Әрі әлі күнге дейін өзекті. Жұмысты қорғау процесі барысында талқылаулар ұзаққа созылып, қызу пікір алмасу болды. Бейресми түрде пікір білдірушілер қарасы да қалың еді. Рецензенттер де орынды сын-пікірлер білдірді. Диссертация сәтті қорғалуы үшін ондағы ұғымдар лайықты жұмыс істеуі мен барлық жанама ұғымдар негізгі ұлттық идея түсінігін ашып тұруы керектігі айтылды.

Әрбір кезеңнің ұлттық идеясының өз түсінігі бар. Мысалы, ерте түркі дәуіріндегі Орхон-Енисей жазбаларынан және түркі ойшылдарының ілімдерінен көрінетін, Алтын Орда дәуіріндегі казак-ноғай жырларынан аңғарылатын, отаршылдық кезеңдегі қилы заман және зар-заман ақын-жырауларының шығармашылығынан байқалатын, ұлттық ояну кезеңіндегі Алаш қозғалысы мен идеясынан көрініс табатын тәуелсіздік тұсында қоғамдық топтастырушы идеялардан тамыр тартатын ұстындар. Осы кезеңдердегі ұлттық идея ұғымының эволюциясы, яғни логикалық пен тарихилықтың бірлігі аталған еңбектен айқын аңғарылыпты.

Жалпы, жұмыстың теориялық деңгейі жоғары, нақты. Ұлттық идеяны талдаудағы автордың білімі мен ұстанымы маған ұнады. Ұлттың философиялық және саясаттанулық түсінігіне тереңірек талдау жасалған. Өйткені, ұлттық идеяның түбірін ұлт құрайтыны айтпаса да түсінікті. Философия тарихындағы ойшылдардың ұлт туралы көзқарастарын көбірек келтіргендіктен де зерттеудің ғылыми қуаты артқан.

«Алаш» идеясы мен қозғалысына Болатбектің жеке әрі мейлінше кең тоқталғаны қызықтырды. Бұл түсінікті де, өйткені «Алаш» идеясын қазақ ұлттық идеясының шыңы деп қарау керек. Бүгінгі күні біз Алаш қайраткерлерінің қалдырған мұрасын түгел игердік деп айта алмаймыз және олардың көзқарастарын жаңаша қайта бағалау – отандық ғылым мен философияның алдындағы кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Өткен ғасырлар мен ағымдағы мыңжылдықтардың тоғысындағы тарихи және әлеуметтік-мәдени ахуалдың көптеген ұқсас белгілері бар, сондықтан да Алаш көсемдерінің көтерген ұлттық идеяларды қазіргі кезде де өзекті. Осы тұжырым және басқа да көптеген көкейтесті ойлар зерттеу жұмысында орнықты орын алғаны қуантты. Жұмыс бірнеше, тіпті ондаған жылдар бойғы ізденістің нәтижесі екен.

Жалпы, бұл еңбек мемлекет үшін де, қоғам үшін де, ғылым үшін де сұранысқа ие әрі маңызды, әрі өзекті тақырып екендігі даусыз. Сондықтан ұлттық идеяның адамгершілік-рухани негіздерін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерттеу маңызды шаруа болып табылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның ғылыми жаңалығы жалпы еліміздің келешек дамуына қатысты мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты.

Қоғам құндылықтарын анықтайтын мұрат

Ұлттық идея – мақсаттар мен мұраттардың тұтастығы. Ұлттық идея – бұл қоғам құндылықтарын анықтайтын мұрат. Қазақстанда өз елінді гүлдендіруге, келер ұрпаққа қолайлы жағдай жасауға тырысу ұлттық идеяға айналды. Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізгерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр. Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы өмірлік мәні бар шындық.

Ұлттық «менді» қалыптастыратын тетіктер мен ықпалдар сан алуан. Оған көшедегі қаптаған жарнамалардан бастап, енді ғана дүние есігін ашқан сәбидің құлағына естілетін ән мен үнге дейін кіреді. Солардың бәрінің басын қосатын, бәрін өгіздей өрге сүйрейтін күдірет Ұлттық Идея деп білгеніміз жөн. Ойы оңға, санасы санға бөлініп отырған қазаққа ортақ ұлттық идеяны таба қою оңай міндет емес. Ол әлі күнге дейін табылған да жоқ. Ал қажеттігін отансүйгіш рухтағы әрбір қазақстандық азамат сезініп отырғаны айдай ақиқат.

«Армансыз адам – қанатсыз құспен тең», – дейді халқымыз. Ендеше, ұлттық идеясыз қала берсек, қанатсыз ұлтқа айналарымыз сөзсіз. Ұлттық идеяны таппайынша, елде жүріп жатқан реформалар қарын



Ғылыми ортада жүрген соң түрлі жобалар қаралып, түрлі тақырыптар қорғалып жатады. Әрине, бәрі есте қала бермейді. Бұрын талқыға түспеген, кездесе бермеген қызықты дегендері көңіл түкпірінде қалып қояды. Сондай бір жұмысты 2010 жылы кездестірдім. «Қазақстандағы ұлттық идеяның рухани-адамгершілік негіздері (әлеуметтік-философиялық талдау)» деп аталатын диссертациялық еңбек. Авторы қаламгер Болатбек Төлепберген деген жігіт екен. Жетекшілері – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне қарасты Философия, саясаттану және дінтану институтының сол кездегі директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев ағамыз бен философия ғылымының докторы, профессор Бақытжан Сатершинов әріптесім.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ –
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

тойдырудың ғана міндетін атқарып шығатындай көрінеді. Ұлттық идеясы жоқ Қазақстанда өмір сүру қазақтан басқаның бәріне майдай жағатын шығар, бірақ түптің түбінде өкініште қалатыны – қазақтар. Өзін-өзі жарылқамағанды басқалар ұшпаққа шығарады деудің еш қисыны жоқ. Көлдей жайылып келе жатқан жаһандандудың табанында жаншылып қалмау үшін де ұлттық идеяның өзектілігі мен қажеттігі күн санап артып келеді. Демек, қарап отыруға болмайды.

Қазақстанның тәуелсіздік барысында ұлттың өзіндік бірегейлігі мен елдің мәдени тұтастығы да осы ұлттық идеяны қалыптастырумен байланысты. Жаһандану жағдайында толық тәуелсіздікке жету үшін ұлттық дүниетанымдық қайнарларды қайта қалпына келтіре отырып, қоғамның өзіндік тарихи санасын қалыптастыру керек. Тақырыптың осындай өзектілігі авторды осы бағытта ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуға сеп болғаны анық. Жұмыс арнаулы әдебиеттер мен дереккөздерді лайықты қолдана отырып, тарихи-мәдени мұраны, аталған тақырыпқа қатысты қазіргі гуманитарлық білімді мұқият зерттеу негізінде жазылған екен.

Енді Болатбектің еңбегінде зерделенген бұл әрбір ғылыми тұжырымның түйіндері мен қорытындыларының дәйектелуі мен шынайлығына назар салсақ. Автор зерттеудегі негізгі ұғымдарды талдайды, олардың әлеуметтік-философиялық түсінігін береді, ұлттық идеяның қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары мен арнаулы ғылыми әдебиеттердегі сарапталуын зерделейді. Талдау барысындағы жыл сайынғы мемлекеттік маңызды бағдарламалар мен ұлттық жобалар еңбектің негізгі дереккөздерін құрайды. Қазақ халқының рухани және тарихи-әлеуметтік дамуы аясындағы ұлттық идеяның эволюциясын ашу үшін қазақ тарихының әрқилы кезеңдеріндегі ұлттық идеяның көтерілуі пайымдалады. Ұлттық

идеяға қатысты Ә.Н.Нысанбаев, Ғ.Есім, М.Құл-Мұхаммед, А.Сейдімбек, М.Қойгелдіс, Х.Әбжанов және т.б. ғалымдардың құнды пікірлерінің маңыздылығына тоқталады.

Жоғарыда айтқандай, еңбектегі ерекше айтар, көңіл тоғайтатын жаңалық – «Алаш» идеясының мазмұны мен мәнінің ашып көрсетілуі. Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, М.Дулағұлы және т.б. алашшыл қайраткерлердің өмірі мен шығармашылық қызметтері, жүргізген күрестері мен қайғылы тағдырлары арқылы өрнектелді. Алаш идеясының заңды жалғасын автор одан әрі сабақтайды. Кеңестік дәуірдегі қазақ халқының басына келген антропогендік апатты бағамдау және тоталитаризмге қарсы ұлттық рухтағы жастар қозғалысының, 1950–1980 жылдары заңды түрде әділет мекемелерінен тіркеуден өтпеген жас буын өкілдерінің қоғамдық және саяси ұйымдары, партиялар мен топтарының – Қарағандыдағы жастардың ЕСЕП («Елін сүйген ерлер партиясы»), Павлодардағы «Жас ұлан» бірлестігінің, Алматыда құрылған «Сары-Арқа» тобының, «Жас қазақ», «Тайшұбар» және Мәскеуде оқып жүрген қазақ студенттерінің «Жас тулар» ұйымының қызметін, Хасен Қожа-Ахмет, Махмет Құлмағамбетов, Азамат Жәкібаев тәрізді диссиденттердің әрекетін, сондай-ақ «Желтоқсан» оқиғасы сынды құбылыстарды талдайды.

Болатбек Төлепберген еңбегінің қорытындысында: «Қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихи санасын жаңғырту барысында әлемдік жалпы адамзаттық рухани құндылықтармен қатар, қазақ халқының да философиялық мұрасын игеру қажет», – деген тоқтамға келеді. Жаһандандудың ұлттық рухани мәдениеттерге ықпалын, елімізге тән даму ерекшеліктерінен мінсіз саяси үлгі құруды бүкіл дүниежүзілік трендтермен ұштастыруды, ұлттық идеология құру мен отаншылдық рухты егуді талдау арқылы дәйектеледі.

логия құру мен отаншылдық рухты егуді талдау арқылы дәйектеледі.

Соны әрі жаңашыл түйіндер мен тұжырымдар жасаған

Автордың еңбегінде сараланған әрбір ғылыми тұжырымының түйіндері мен қорытындыларының жаңалығы бар. Өйткені, ұлттық идея туралы, оның мәні мен мазмұны жөнінде бұқаралық баспасөзде де, арнаулы әдебиеттерде де көп сөз болды, дегенмен олардың зерттелу деңгейін автор өз ұстанымы бойынша талдайды. Ал халқымыздың тарихи және мәдени дамуы барысындағы ұлттық идея ұғымдарының жетілуі рухани-адамгершілік тұрғыда еңбекте алғаш рет арнайы зерделенген.

Басты жаңалық – «Алаш» идеясын қазақ ұлттық идеясының даму тарихындағы ең маңызды да өзекті етіп көрсетудегі автордың ойлары мен пікірлері тың екенін атап өту керек. Осы Алаш идеясының заңды жалғасы кеңестік кезеңде тыйым салынып келген ұлттық бағыттағы қозғалыстар мен ұйымдардың жасырын саяси әрекеттеріне қатысты көпшілікке белгісіз болып келген мұрағат материалдары мен қызықты мәліметтер келтіріліп, сараланады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттағы Қазақстандағы ұлттық идеялар туралы көп айтылып, ұсынылып, жазылып, туындаған түрлі пікірталастар жеткілікті таразыланған. Автор ғаламдасу жағдайындағы ұлттық мәдениет пен төлтүсу құндылықтардың сақталуына байланысты соны әрі жаңашыл түйіндер мен тұжырымдар жасаған.

Болатбек Төлепберген аталған еңбегін Философия, саясаттану және дінтану институтында сәтті қорғаған соң, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің арнайы комиссиясына Астанаға шақырылып, екінші рет өз жұмысының жаңалығы дәлелдеп берді. Кандидаттық диссертациясын «Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры» атты кітап етіп шығарып, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, саясаттанушылар қатысуымен пікірталас ұйымдастырды. Ұлттық идея бағытында жазған бұдан кейін де жиырмаға жуық кітабы жарық көрді. Таңдап алған тақырыбын теориялық тұрғыдан таразылап қоймай, оны іске асырушы практик ретіндегі жұмыстары өз алдына. Қоғамдық ұйым құрып, Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен бірқатар ұлттық жобаларды жүзеге асырды.

ҚР Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығы мен Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет қайраткері, философия ғылымының кандидаты, «Шалқар» радиосының директоры, білікті ұйымдастырушы, қарымды қаламгер Болатбек Төлепберген ініміздің қазақтың ұлттық идеясын ұлықтау жолындағы ісі берекелі, ғұмыры мерекелі болсын деген тілек қосамын!

Зейнабәл АЙДАРБЕКОВ,
философия ғылымының докторы,
профессор.



КАРДИОЛОГИЯ



TAVI

кеспей жасалатын және тез сауығып кетуге мүмкіндік беретін әдіс

Алматы қалалық Кардиология орталығына 71 жастағы науқас түсті. Ол қатты еңгігіп қала беретінін және бүкіл денесін әлсіздік басқанын айтқан. Тексеру жүргізілгеннен кейін оның «қолқа қақпақшасының айқын стенозы» анықталды.

Қолқа стенозы деген – жүрек қақпақшасының тарылуы, ол арқылы жүректен қан қолқаға еніп, одан әрі бүкіл денеге таралады. Қол-

қа қақпақшасының стенозы кезінде басқа органдар қан тапшылығынан зардап шегеді. Мұндай диагноз адамды көзді ашып-жұмғанша

өлімге әкелуі мүмкін. Бұл аурудан емделмесе, пациент миокард инфарктісі, ми ишемиясы және инсульт сияқты өте ауыр кеселге тап болады.

Науқасқа шұғыл ота жасау қажет болды. Оған кезде қуысын кесусіз феморальды артериядағы кішкене пункция арқылы қолқа қақпағы TAVI (транскатетерлі қолқа клапанын имплантациялау) отасы барысында ауыстырылды. Отаның бұл түрі хирургиялық араласуды кесусіз және ең аз оналту кезеңімен жүргізуге мүмкіндік береді. TAVI – қолқа клапанын ауыстыратын минималды инвазивті процедура.

Ота жергілікті ауырсынуды басу арқылы жасалды. Бұл пациенттің операция кезінде есін сақтауға мүмкіндік беріп, мидың күйін бақылауға және жедел цереброваскулярлық бұзылыс түріндегі ықтимал асқынудың алдын алуға мүмкіндік береді. Төс сүйегінің кесілмеуі, жасанды қан айналымының қажетсіздігі, минималды жарақат және тез қалпына келу – TAVI отасының негізгі артықшылығы. Отадан үш күн өткен соң науқас ауруханадан үйге шығарылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айжан ҚҰЛАНБАЕВА, кардиолог-дәрігер:

Егде жастағы науқастарға қолайлы

Мұндай TAVI оталар өте маңызды. Өйткені, олар денсаулық жағдайы көтермейтін, ашық жүрек отасын жасауға болмайтын науқастарға жасалады. Сондай-ақ, TAVI отасы бауыр мен бүйрек қызметі бұзылған, жүрек пен өкпе кеселі бар егде жастағы пациенттер үшін маңызды. Себебі, жүрекке ашық отаға

көптеген егде жастағы адам қатар жүретін аурулардың болуына байланысты шыдай алмайды. Біздің алматылық дәрігерлер транскатетерлі қолқа клапанын имплантациялау операциясын жасау әдісін толықтай меңгеріп алған. Соның арқасында талай пациентті аман алып қалып жүрміз.

САУАЛНАМА

ДӘРІНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫНА МӘН БЕРЕСІЗ БЕ?

Бас ауырса, іш ауырса, дәрі ішеміз. Дәрі-дәрмектер фармацевтика зауыттарында жасалады, дәріханаларда дайындалады. Ал кез келген дәрі қорабының ішінде оны қалай қолдану керектігі туралы нұсқаулық парақшасы болады. Сол қағазға қаншалықты мән бересіз, ішін мүқият оқисыз ба? Әлде дәрігер жазып берген тілдей рецепт бойынша қабылдайсыз ба дәрілерді?



Маруся БАШЕНОВА:

– Әріптері өте майда, көзілдірік киек те оқылмайды. Салақулаш қағазды оқып бітем дегенше көзім шаршап қалады. Көбіне жиі ауыратындар – біз секілді үлкен кісілер, сол жазуларын шағындауға болмас па екен деп қоямын кейде.

Мәлік ОРАҚОВ:

– «Гуглден» қараған жақсы. Онда ақпарат көп. Дәріні тұтынғандар қалдырғандардың пікірлерін де, кімге қалай әсер еткені жайлы да оқуға болады.

Айдана ТОЙБАЗАР:

– Жуырда асқазаным қатты ауырды. Терапевтің былтыр тағайындаған дәрісін тауып алдым да, ішер алдында нұсқаулығына көз салдым. Ондағы ойым «тамақтың алдында, әлде тамақпен бірге ішеміз бе» деген жерін білу болатын. Көзімде көзілдірік, бірақ әлгі нұсқаулықтан ештеңе оқылмайды, ақ қағаз бетіне құдды тышқан із тастап кеткендей, әріптері тым ұсақ. Ал дәрі қора-

бының ішіндегі сол парақтың ұзындығы 80 см. (әдейі өлшеп көргем). Ол майда әріптерді оқып біткенше ішегім үзіліп кетер ме дедім. Шынымды айтсам, бәрін оқып отыруға құлқым болмады. Жобалап іше салдым.

Зәуре ЗАҚАНҚЫЗЫ:

– Ғаламтордан тауып алып, экраннан үлкейтп оқимын.

Айсұлу КЕҢЕСБАЙ:

– Дәрі ауырған жеріңді уақытша тоқтатып қойғаны болмаса, ешуақытта құлаптаза жазып жібермейді. Созылмалы болып қалып қояды, иммунитет әлсірегенде қайта шыға береді. Ал ол дәрінің басқа сауағаға, әсіресе бауырға тигізетін зияны ұшан-теңіз. Бірақ бәрін түсініп тұрсақ та, амалсыздан дәрі ішеміз. Кейбір нұсқаулықтардың тым ұзақ болатыны – оның қолданылуы мен қарсы көрсетілімдерін тәптіштеп жазады. Бірақ дәрігер ішесіз сол дәріні дәрігер тағайындаған соң.

Нағима БАРАҚ:

– Оқымай іше беремін.

Базархан МЫРЗАХАНОВ:

– Медицинадан хабарым бар, мамандығым әкем сияқты мал дәрігері. Кішкентай күнінен, әкем жұмсағанда ауылдың жас төлдеріне екте жасаушы едім. Әлеуметтік желіден де оқитыным көбіне медицина тақырыбы. Денсаулыққа ештеңе жетпейді ғой. Студент кезде қаражаттың тапшылығынан гастрит болып, асқазаным 27,5 жыл ауырды. Дәрігерге қаралмадым, талай жыл диета ұстадым, көмектеспеді. Бұл ауру негізінде адамның көңіл күйіне байланысты да болады. Менде бір жылдары «сұмдық» сағыныш болды: туып-өскен жерімді 33 жыл көрмедім, сол сағыныштан ән туды, өнер келді, көңілім көтеріліп, асқазанымның ауруынан айықтым. Жалпы, аурулар көбіне нервтен, жүйкеге салмақ түскеннен (көңіл күйден) екені белгілі ғой. Ауырмайық, аман болайық!

ОРТОПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА

СӘБИ НАРКОЗДАН ТЕЗ ОЯНДЫ

Қосарланып біткен екі саусақтан бас бармақ жасалды



Аурухана баспасөз қызметінің мәліметінше, қыз бала полидактилияның күрделі түрімен туған. Оның оң қолындағы бас бармағы қосарланып біткен. Мамандардың сөзіне сүйенсек, артық саусақты алып тастау оңай шаруа емес. Ол үшін қолдың эмбриологиясын жетік білу қажет. Оның үстіне, іштей кемістік салдарынан қосарланып кеткен бас бармақтың пішіні бұзылып, тым жіңішкеріп кеткен екі саусақтан бас бармақ жасау қажет болды.

Клиникада өткен бес күндік «шеберлік класы» барысында аяқ-қол кемістігімен туған немесе басқа да күрделі диагноз қойылған қазақстандық 5 балаға ота жасалды. Бірнеше сағатқа созылған күрделі операциялар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражаты есебінен және жергілікті жансыздандырудың бірегей технологиясы бойынша жасалды.

«Бұл технология барысында процесті толығымен УДЗ құралы арқылы бақылап отыру қажет. Ол жансыздандыру кезінде қолданылатын наркоз мөлшерін азайтуға мүмкіндік береді. Бала тез есін жиып, наркоздың кері әсері азаяды. Бала операция залында-ақ оянады», – дейді аурухананың травматология бөлімшесінің меңгерушісі Ерлан Садырбалин.

Алматылық дәрігерлер бірегей ота жасап, екі жасар сәбидің қолындағы артық саусағын алып тастады. Иә, мегаполистегі №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасының ортохирургтері Ресейдің Н.Пирогов атындағы Жоғары медициналық технологиялар клиникасы мамандарымен бірлескен «шеберлік класы» аясында күрделі ортопедикалық ота жасады.

ГИДРОЦЕФАЛИЯ

Ана құшағындағы баланың ҰЙҚЫСЫ ТЫНЫШ

Жуырда осы №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасының нейрохирургтері неміс елінен келген профессор Ульрих-Вильгельм Томалемен бірлесіп, гидроцефалияның күрделі түрімен ауыратын балаларға ота жасады. Дәрігерлер жаңа әдісті қолдана отырып, еліміздің түпкір-түпкірінен келген 8 балаға операция жасап шықты.



Аурухананың нейрохирургия бөлімшесі меңгерушісі Данияр Сабденәлиевтің айтуынша, аталған синдромға шалдыққан балалардың миына сұйықтық жиналады. Дер кезінде диагноз қойып, ем-дом қабылдасамас науқастың өміріне қауіп төнеді. Ем-домның нәтижелі болуы гидроцефалияның мида зақымдау деңгейіне, ауру белгілеріне, сол дерт салдарынан пайда болған ақауларға байланысты. Кейбір балалар анасынан осы синдроммен туса, енді біреулердің миында су жүре келе пайда болады.

«Операция барысында эндоскопиялық камераны мидың қарыныштарына енгізіп, кисталарды бір-біріне қостық. Оның қиындығы да осында. Ота алдағы уақытта мұндай хирургиялық араласуды болдырмауға және пациенттің қалыпты өмірге оралуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бүгінгі манипуляциялардың балаларға көмектесері сөзсіз. Әсіресе, неврологиялық ауытқулар пайда болған және көру қабілеті нашарлаған науқастар операция нәтижесін бірден сезе бастауы тиіс», – деді Данияр Сабденәлиев.

Бұрын мұндай хирургиялық операциялар 2-3 кезеңмен жасалатын. Салдарынан балалар ота мен наркоздан кейін көп қиналып, өз-өзіне келуіне біраз уақыт қажет болатын.

Жаңа тәсілдің арқасында аса күрделі отаны бір уақытта жасауға мүмкіндік туып отыр. Мәселен, кішкентай Нұрай Бағдаулеттің дүниесі есігін ашқанына 3-ақ ай болыпты. Гидроцефалия синдромына іште жатқанда шалдыққан сәби жүктіліктің 28-ші аптасында туған. Диагноз қойылғаннан кейін өткен жылы қараша айында оған бірден ота жасалды. Енді халықаралық «шеберлік класы» барысында тағы да ем алды.

«Сәбидің миы дін-аман. Сұйықтық тек ми қарынышасына түскен. Менің білуімше, бұрын баланың басына қойылатын шунтты әр 5 жыл сайын ауыстыру қажет болатын. Бүгін қойған шунттың өмір бойы тұратынын естіп қуанып қалдым», – дейді кішкентай пациенттің анасы Толқын Талдыбаева.

Жалпы, тез қалпына келу үшін мұндай операцияларды мейлінше ерте, бала кішкентай кезінде жасаған дұрыс. Өткен жылы №2 ауруханада «ми гидроцефалиясы» диагнозы қойылған 200-ге жуық балаға осындай операция жасалған.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



СҰХБАТ

ПАРИЖ ПАРАЛИМПИАДАСЫНАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Алматы облысының Бәйтерек ауылында 31 қаңтар мен 1 ақпан аралығында пара дзюдо күресінен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Жарысқа еліміздің 14 өңірінен 101 спортшы жиналды. Осы орайда Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының пара дзюдодан ұлттық құрама командасының басшысы Айдын ӘНӘПИНМЕН сұхбаттасқан едік.

– Биыл пара дзюдодан Қазақстан чемпионаты қалай өтті? Былтырғы ел біріншілігінен айырмашылығы бар ма?

– Былтырғы жарыспен салыстыратын болсақ, қатысушылар мен өңірлердің саны айтарлықтай өсті. 2023 жылы 9 өңірден 76 спортшы қатысқан болса, биыл 14 өңірден 101 спортшы келді. Сондай-ақ, бұрын әйелдер арасында бәсеке аз болса, қазіргі таңда бұл тенденция жақсарып келеді. Оған пара дзюдодан әлем чемпионы атанған Ақмарал Науатбек, Азия чемпионатының жүлдегерлері Даяна Федосова және Альфия Тілеккабыл сынды спортшыларымыз себепші десек, артық болмас.

– Жалпы, ел чемпионатын өткізудің басты мақсаты қандай?

– Қазақстан чемпионатының басты мақсаты – мықтыларды анықтап, ұлттық құрамаға іріктеу. Құрамаға кірген спортшыларға оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастырып, халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеміз. Биыл паралимпиадалық жыл болып есептеледі. Сондықтан төртжылдықтың басты бәсекесіне қатысу үшін ірі халықаралық жарыстарға қатысып, үздіктер қатарынан көріну керек.

Биыл пара дзюдодан 3 рейтингтік Гран-при жарысы бар. Бірінші жарыс 13–19 ақпан күндері Германияның Гейдельберг қаласында, екіншісі наурыз айында Түркияда және соңғысы мамыр айында Грузия елінде өтеді. Осы аталған жарыстардың қорытындысына сәйкес, спортшыларға Паралимпиада ойындарына лицензия алу мүмкіндігі бар.

– Паралимпиада ойындарына баратын спортшылардың есімі белгілі ме?

– Халықаралық ережеге сәйкес әлемдік рейтингте өз спорты, өз класы бойынша бірінші жетілікке ғана кіретін спортшылар Паралимпиада ойындарына жолдама алады. Қазіргі таңда біздің 8 спортшымыз әлемдік рейтингтегі үздік жетілікке кіріп тұр. Оның ішінде Олжас Оразалыұлы мен Ақмарал Науатбек әлемдік рейтингте бірінші орында тұр. Осы 8 спортшымыз алдағы уақытта лицензия алады



деп отырмыз. Дегенмен, алдағы Гран-при жарыстарына байланысты лицензия саны көбейеді деген үміттеміз. Маусым айында лицензиялар толық таратылып бітеді. Сол кезде кімнің Паралимпиада ойындарына қатысатындығын білетін боламыз.

– Токиода өткен Паралимпиада ойындарында спортшыларымыз 3 медаль алды. Осы жетістікті қайталауға үміт бар ма?

– Иә, бұл нәтижені Париж–2024 Паралимпиадасында жақсартмамыз деген жоспарымыз бар. Себебі, ұлттық құрама спортшылары және жаттықтырушылары өте ауқымды жұмыс атақарып келеді. Өткен Токио Паралимпиадасымен аралықтағы циклда барлық қажетті оқу-жаттығу жиындары өткізілді, халықаралық жарыстарға қатысып, көрсеткіштерді жанарттық. Сондай-ақ, мемлекет тарапынан тиісті қолдау бар.

– Париж–2024 Паралимпиада ойындарына дайындық жұмыстары қалай өтеді? Ерекше енгізіп жатқан техника, арнайы оқу-жаттығу жиындары, арнайы мамандарды тарту сынды қандайда бір жаңашылдықтар бар ма?

– Паралимпиада ойындарына 2024 жылға арнайы жоспар әзірленді. Осы алдағы маусымдағы Гран-при жарыстарынан кейін тыңғылықты жазғы дайындық басталады.

Оқу-жаттығу жиындарымызды Қырғызстанда Ыстық-көлен бастаймыз. Одан әрі дайындықты ел ішінде Алматы облысы мен Түркістан облысында биік таулы және орта таулы аймақтарда өткізетін боламыз. Себебі, мұндағы спорттық базалар біздің пара дзюдошыларға өте ыңғайлы. Сондай-ақ, Астана қаласында Спорт академиясы ішінде ғылыми орталық бар. Осы ғылыми орталықпен тығыз жұмыс жасау жоспарланған. Қазіргі таңда Туризм және спорт министрлігі тарапынан ғылыми орталықпен келіссөздер жүргізілуде. Нәтижесінде жаттығуымызға, стратегиямызға ғылыми негізделген нұсқаулықтарды енгізетін боламыз.

– Елімізде пара дзюдо күресі айтарлықтай жақсы дамып келеді. Осыған не себеп?

– Бұған басты себепші, ол біздің спортшыларымыздың халықаралық аренадағы нәтижелері. Мысалы, Рио–2016 Паралимпиада ойындарына қатысқан Әнуар Сариев болды. Оның жетістіктері өзге де спортшылардың пара дзюдоға келуіне ықпал болды десек те артық болмас. Бұл жетістіктерді көріп білген Зарина Байбатина, Дәулет Теміржан деген спортшылар ұлттық құрамаға келіп, Токио Паралимпиадасында күміс жүлдегер атанды. Осындай жеңістердің арқасында пара дзюдошылардың саны арта түсуде. Сондай-ақ, елімізде пара дзюдо федерациясының ашылуы да себепші болды. Қазіргі таңда 17 өңірде федерацияның филиалдары бар. Онымен қоса, жаңадан құрылған облыстарда да ашу жоспарда бар. Осы аймақтық филиалдардың жұмысының нәтижесінде елімізде бұл спорт түрі тұрақты даму үстінде. Биылғы Қазақстан чемпионатында рекордтық 101 спортшы қатысып жатыр. Осының барлығы аймақтағы жұмыстардың жемісі десек болады.

– Ішкі резервті қалыптастырып, балалар мен жасөспірімдерді бұл спортқа тартуда қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Бұл – пара дзюдо федерациясының қолға алып жатқан маңызды жұмыстарының бірі. Себебі, мектептерде пара дзюдо сынды үйірмелер және осы көру қабілеті зақымданған балалармен жұмыс жасайтын мамандар тапшы. Сол себептен, Қазақстан пара дзюдо федерациясы тарапынан пилоттық режимде Астана қаласында тек балаларға арналған арнайы пара дзюдо үйірмесін енгізу жобасын іске асыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл зағип жандарға арналған орталықтармен тығыз байланыстағы жұмыс болады. Өйткені, әр өңірде осындай орталықтар бар. Федерация тарапынан қажетті татами, кимано, басқа да құрал-жабдықтар беріліп, арнайы мамандарды бекітіп, балалармен жұмыс жасауды қолға алуда. Егер де бұл пилоттық жоба жақсы нәтиже көрсететін болса, өзге де өңірлерге енгізу жоспарда бар. Осылайша біз балаларды, жасөспірімдерді спортқа баулу арқылы жоғарғы жетістіктегі спортқа бағыт-бағдар беріп, жол ашатын боламыз.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

АУЫР АТЛЕТИКА



Қос күміске қол жетті

Александр Уваров ауыр атлетикадан Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Өзбекстан астанасы Ташкентте ауыр атлетикадан Азия чемпионаты өтіп жатыр. Ерлер арасында 81 келіге дейінгі салмақта 2 спортшымыз бақ сынады. Барлық зилтеміршілер арасында екінші нәтиже көрсеткен Александр Уваров күміс медаль иеленді. Ханчжоу–2022 Азия ойындарының қола жүлдегері жұлқа көтеруде 153 келі, серпе

көтеруде 190 келіні бастан асырды. Қоссайыс қорытындысында 343 кг көрсеткішпен 2-орын иеленді. Осы салмақта өнер көрсеткен Әлібек Рақымберді 7-орынмен шектелді.

Айта кеткен жөн, бұған дейін 67 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Ақмолда Сайрамкес Азия чемпионатында күміс медаль жеңіп алған болатын. Ол жұлқа көтеруде 126, серпе көтеруде 166 келіні еңсеріп, қос жаттығудың қорытындысында 292 келі көрсеткішпен 2-ші болды.

Ташкенттегі Азия чемпионатында Париж Олимпиадасына қатысуға мүмкіндік беретін рейтингтік ұпайлар сарапқа салынады. Жарысқа 34 елден 192 атлет қатысып жатыр.

ОЛИМПИАДА

Парижге дайындық қандай?

Төртжылдықтың басты додасына әлемнің 205 елінен 10 мыңнан астам спортшы қатысады деп жоспарланған. Париждегі додада 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Қазіргі таңда Қазақстан ұлттық құрамының қоржынында Париж Олимпиадасының 19 лицензиясы (спорттың 8 түрінен) бар (садақ ату – 4, велошоссе – 3, нысана көздеу – 5, қазіргі бессайыс – 2, бокс – 2, грек-рим күресі – 1, еркін күрес – 1, спорттық гимнастика – 1). Олимпия ойындарына дейін 69 лицензиялық жарыс қалды. Оның ішінде 5 әлем чемпионаты, 7 Азия чемпионаты және 57 рейтингтік турнир бар. Осы орайда, олимпиадаға дайындық жұмыстарына арналған штаб өз жұмысын жалғастырып жатыр.

«Биылғы жылдың басты спорттық оқиғасы – Париждегі жазғы Олимпиада ойындары болмақ. Штабтың алдағы мақсаты – халықаралық турнирлерде спортшылардың сәтті өнер көрсетуіне жағдай жасау және мүмкіндігінше көп лицензия олжалау. Құрама көшбасшылары әр спорт түрінің ерекшелігі, спортшының қажеттілігі, медициналық-биологиялық тұрғыда қамтамасыз



етілгені, оның ішінде физиотерапия, оңалту мен жарақаттардың алдын алу, психологиялық қолдау және жарысқа дайындық кезінде күйзелісті жеңу сияқты жағдайлар ескерілген жеке жоспар бойынша дайындалады. Сонымен қатар, штаб спортшылар мен делегация мүшелерін керек-жарақпен қамтамасыз ету мәселесін қарастырып жатыр», – деді Олимпиадаға дайындық жөніндегі штаб басшысы Елсияр Қанағатов.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҰСЫНЫС

МЕКТЕП ФОРМАСЫ

оқушылар үшін бір күн ұлттық киім кию күні деп белгіленсе...

Қоғамдағы адамдардың талап-тілегі, қабылдауы әртүрлі. Кейде тіпті дауласуға тура келіп жатады. Өткенде қала тұрғыны хабарласып, мектеп оқушылары үшін бір күнді ұлттық киім кию күні деп белгілесек қайтеді. Сол күні оқушылар түгел ұлттық киім киіп келсе, ұлттық құндылықтың маңызын, мәнін түсінер еді деген ойын жеткізді. Бұл ұсыныс қазіргі күні кеңінен қолдау тауып жатқандай. Енді бір ата-ана балалар үшін бір күнді еркіндік деп жарияласақ қайтеді дейді. Ең бастысы, ата-аналар балаларының мектеп формасын кигеніне қарсы емес.

Ата-аналар ең бастысы, балаларының оқушы бейнесінде жүргенін қалайтындарын айтып, мектеп формасын сақтап қалу керек дейді. Оқушының бет-бейнесін айқындап тұратын мектеп формасын енгізу туралы бастаманы да кезінде алғашқы болып Алматы қаласы көтерген еді.

Осыдан біраз жыл бұрын, 2003 жылы

Алматы қаласы Білім департаменті оқушыларды бірыңғай мектеп формасына көшіру туралы бастама көтерген еді. Ұзақ тартыстан кейін 2003-2004 жылдары елімізде Алматы қаласы алғашқы болып мектеп формасын енгізген болатын. Сол кезде бұл жаңалыққа үрке қараған талай ата-ана қаржының жетіспейтінін айтып, табанды түрде қарсылық көрсетсе, екінші бір тобы барлық оқушының бірдей мектеп формасын кигенін белсене қолдады. Осылайша өте ұзаққа созылған дауламай ақыры бір жүйеге түсіп, бірыңғай мектеп формасына тоқталғаны белгілі. Содан бері оқушының басты құжатына айналған мектеп формасы күн тәртібінен түскен емес. Әрине, оқушының бет-бейнесін айшықтап тұратын ең алдымен оның мектеп формасы.

Мектеп формасын енгізуге ұлт жанашырларының «Мектеп оқушылары бірдей формада болу керек. Егер артықшылықпен көзге түскісі келсе, біліммен, спортпен, өнерімен озып, ерекшеленсін» деген бір ауыз сөзі де демеу болған еді. Көп ұзамай ата-аналар ортақ мәмілеге келген еді. Оқушының мектеп формасын кигені өздеріне ыңғайлы. Әрі әлеуметтік жағынан да барлығын бірдей етіп теңестіреді. Қоғамдағы бар мен жоқтың аражігі білінбей кетеді. Олардың барлығы бірдей мектепте, бірдей мектеп формасында болады. Сондықтан дәл қазір ата-аналар да

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сайрангүл АСАНОВА,
көпбалалы ана:

– Осыдан біраз жыл бұрын менің үлкен қызым мектептен жылап келетін әдет тапты. Сондағысы, қасындағы қыздардың киген киімі, таққан сырғасы, ұстаған сөмкесі. Тіпті, олардың жаз болса, шетелге барып демалатыны, қымбат үйлері мен мінген көліктеріне дейін қызымның негізгі тақырыбына айналды. Сол кезде қатты қапаланып, тезірек мектеп бітіріп кетсек екен деп қамығушы едім. Бірыңғай мектеп формасына көшкен кезде, шыны керек, ең алдымен мен қуандым-ау деймін. Қоғамдағы ата-аналардың барлығының табысы бірдей емес қой. Отбасылық жағдайлары да әртүрлі. Қазір менің балаларым мектеп бітірді. Енді немерем барып жүр. Ата-аналар да қазір бұл жүйеге әбден үйренді.

соншама тер төгіп, бір жүйеге әрең түскен мектеп формасын еркіндікке жіберуге құлықты емес. Оқушының бет-бейнесі іспетті мектеп формасын толықтыруға болар. Ал оны мүлдем еркіндікке жіберіп алу бүтінді бұзғанмен бірдей.

ТАҒЫЛЫМДАМА

ӘЛЕМДІК
БІЛІМНІҢ ҮЗДІК
ҮРДІСІ

№178 лицей мен
«Чаншин» университеті
меморандумға қол қойды



Қаламыздағы №178 мамандандырылған лицей өзінің даму жоспарында әлемдік ең үздік мекемелердің озық іс-тәжірибесін негізге алып отыр. Білім мекемесінің басшысы Қайратбек Шәдиев білім жүйесі өте қарқынды дамыған Балтық жағалауындағы Эстония, Скандинавия, Финляндия елдерінде, өткен жылы күншығыс мемлекеті Жапонияда, жақында ғана Ұлыбритания елінде тағылымдамадан өтіп, мол тәжірибе жинақтап қайтқан еді.

Дәл қазір білікті басшы Қайратбек Хамзаханұлы аталған мемлекеттердің білім беру жүйесіне ерекше көңіл бөліп, зерттеп-зерделеп, сол елдердегі басты жобаларды лицейдің даму жоспарына енгізіп отыр. Енгізілген жаңа жобалар қазірдің өзінде өз жемісін бере бастады. Мектеп оқушылары «Өндірістік сабақ», «Ғылыми-ақпараттық саяхат-сабақ», «Мен практикпін!» жобалары аясында өз білімдерін сынға салып, үздік көрсеткішке қол жеткізуде.

Кәсіби бағдар беру бойынша жүргізілетін іс-шаралардың өткізілуіне лицей директоры Қайратбек Шәдиев жоба авторы ретінде де тікелей қолдау көрсетеді. Лицей басшылығының қолдауымен қаламыздағы ең алдыңғы оқу орындарымен бейресми ынтымақтастық келісімдер жасалды.

– Ендігі жерде біздің лицей ұжымы халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық келісімдерді де қолға алатын болды. Соның бірі – медицинасы мен білімі, мәдениеті, киноиндустрия саласы, экономикасы, технологиясы қарқынды дамып жатқан Оңтүстік Корея елінің «Чаншин» университетімен де өзара ынтымақтастық келісімге қол жеткіздік. Кәсіби бағдар беру бойынша Оңтүстік Корея елінің елшілері, арнайы делегаттары, Оңтүстік Корея «Чаншин» университетінің Сыртқы істер жөніндегі президенті Yoon Sanghwan, Білім саласының вице-президенті Je Nam Joo, Халықаралық студенттерді қолдау орталығының директоры Syerikjan, студенттерді жұмыспен қамту және кәсіпкерлік басқармасы директорының орынбасары Lee Jaehak, Мейірбике ісі кафедрасының деканы Park Mi Ra және Оңтүстік Корея елінің қоғамдық волонтерлары лицейімізге келіп, дарынды оқушыларымызбен кездесті, – дейді мектеп басшысы.

Кездесу соңында университет пен №178 мамандандырылған лицей арасында меморандум жасалды. Алдағы уақытта қос тарап білім саласына байланысты көптеген жұмыстарды бірігіп атқаратын болады.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.

ДӘСТҮР

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Елімізде биыл Біртұтас тәрбие бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Аталмыш бағдарламаның ауқымы кең. Оның басты ерекшелігі – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Жалпы, бұл құжатта білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуға тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты мен міндеті айқындалады.

Жетісу ауданындағы №175 бөбекжай-балабақшада бүлдіршіндерінің жан-жақты жетілуіне барлық мүмкіндік жасалған. Балабақша ғимараты жайлы да кең. Соңғы үлгіде салынып, барлық қауіпсіздік ережелері сақталған. Ұлт келешегі болар ұрпаққа тәрбие мен тәлім беріп отырған балабақша тәрбиешілерінің күнделікті жұмысымен танысу мақсатында балалар мекеніне бас сұққан едік. Балабақша меңгерушісі Нағима Рүстемқызы мұндағы бүлдіршіндермен жүргізілетін жұмыстардың дені ойын түрінде жүргізілетінін жеткізді.

– Қазір не көп, ойыншық көп. Бірақ сол ойыншықтың өзі баланың дамуына, жан-жақты жетілуіне әсерін тигізуі керек. Мәселен, біздегі ойыншықтар бала сауағының ұсақ және ірі моторикасын дамытуға негізделген. Байқаған шығарсыз, мына бір түрлі-түсті ойыншықтар жиынтығының өзі балалардың жас ерекшеліктеріне сай келетін сенсорикаға арналған. Сосын мобильді кітапханамыз бар. Мұнда балалар өздері қалаған кітабын таңдап, оқуына, танысуына болады. Біздің ұжым қызметкерлері әрбір мерекеді түрлі кештер өткізеді. Тақырыпқа сай бүлдіршіндеріміздің түрлі ертегі кейіпкерлерін сомдауына барлық мүмкіндік жасалған. Ол «Театр бұрышы» деп аталады. Бүлдіршіндеріміз «Құм терапиясымен» жұмыс жасағанды өте жақсы көреді. Қазір ұлттық құндылықтарға басымдық беріп, оқу-әрекет жұмыстарын осы бағытта жүргізуге баса назар аударып жатырмыз. Балақайларымыздың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық құндылықтардың әдет-ғұрыптарын, ұлттық ойындарды үйретудіміз, – дейді балабақша меңгерушісі.



Аталмыш балабақшада бүлдіршіндердің физиологиялық дамуын жетілдіру үшін заманауи дене шынықтыру пәні жақсы жолға қойылған. Қазірден бастап, балалардың психологиялық даму жүйесінің жан-жақты қалыптасуын қадағалайтын психолог маман бар. Соңғы кездері жас балалардың дыбысты

дұрыс айтпайтыны үлкен мәселеге айналғаны жасырын емес. Сондықтан ата-аналар осы мәселені алдын алу үшін бүлдіршіндермен тығыз жұмыс жасап, сөзді анық айтуын қадағалап отыратын логопедтің жұмысына да дән риза.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нағима БОРАНБАЕВА,
№175 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

– Біртұтас тәрбие бағдарламасының қабылдануы білім жүйесі қызметкерлеріне оң серпін беріп, ұлт тәрбиешілері атанған балабақша тәрбиешілері үшін үлкен көмек болып отыр. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. «Тәрбие – тал бесіктен» деген сөз бекер айтылмаса керек. Отбасынан бастау алатын тәрбие балабақшада жалғасын тауып жатады. Сондықтан біздің алдымызда өте жауапты міндет – бойында иманы бар, ұлттық құндылықты түйсіне білетін ұрпақ тәрбиелеу мәселесі тұр.

Әйгерім АХМЕТОВА,
балабақша әдіскері:

– Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамып, толық қалыптасуы үшін ойынның алар орны ерекше. Кезінде ұлы Абай атамыз «ойын ойнап, ән салмай есер бала бола ма?» деп тегін айтпаса керек. Бала ойын арқылы өседі. Бала ойын арқылы дамиды. Иә, қазіргі кезде ойынның түрлері көп. Біз көбіне сюжетті-рөлді ойындарды бейнелеу құралы ретінде пайдаланамыз. Қазір фетрден жасалған заттарды тәрбие жұмысына кеңінен қолданып жатырмыз. Мұның себебі – аталмыш өнім жұмсақ әрі түрлі-түсті. Балалар да осы өнім түрінен қалаған бұйымдарын жасауға тырысып жатады. Фетрден жасалған заттарды көрнекілік құралы ретінде қолданамыз.

Сонымен қатар, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік, физикалық қасиеттерді дамыту дағдыларын кеңінен қолданамыз. Бүлдіршіндердің сөздік қорын, тілін дамытуда ойын-тапсырмалардың алар орны ерекше.



ӨНЕР

Алматының төрінен орын тепкен ақ күмбезді Қазақ мемлекеттік циркі үшін өткен 2023 жыл толайым жемісті болды. Нақтырақ айтсақ, сүйікті циркіміздің жұлдызы араға 30 жыл салып қайта жарқырады. Иә, Алматы циркі былтыр Орталық Азиядағы дәстүрлі гастрольдік сапарларына оралды. Сондай-ақ, бірнеше халықаралық фестивалде бой көрсетті. Бүгінгі тарқататын тақырыбымыз осы төңіректе болмақ.

Мақсат Жайықов,
Қазақ мемлекеттік циркінің директоры:



ЦИРК – ТӘУЕКЕЛШІЛДЕР МЕКЕНІ

ӨНЕРДІҢ ЕЛШІСІ

Цирк – бұл балдырғандардың жүрегін қуанышқа толтыратын, ал ата-аналарына балалық шаққа саяхаттауға мүмкіндік беретін, екі тарапқа да жылылық, шабыт сыйлайтын, аппақ армандарға жетелейтін ерекше сиқырлы әлем. Иә, цирк аренасындағы артистердің әр өнеріне шағана, енді бірде демдерін ішіне тарта таңдана қол соққан өрендердің жарқын жүзін көргенде, өзіміз де, яғни ересектер де балалық шағымызға бір сәт саяхат жасап қайтатынымыз бар.

Өткен жазда, дәлірек айтсақ, 26–30 шілде аралығында Алматы шаһарында тұңғыш рет, халықаралық деңгейдегі орнымызды белгілеу, мәдени байланысымызды нығайту, отандық цирк өнерінің мәртебесін көтеру мақсатында ALMATY CIRCUS FESTIVAL I Халықаралық цирк өнерінің фестивалі салтанат құрды. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған айтулы цирк думанында Қазақстан, Германия, Вьетнам, Эфиопия, Мәскеу, Якутия, Украина, Беларусь, Ресей, Ұлыбритания, Литва, Чехия, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінен қатысқан бас-аяғы 80 артист Алматы циркі күмбесінің астына жиналып, түрлі жанрда 24 нөмір ұсынды. Фестиваль қатысушыларының өнерін әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған ең мықты қазылар алқасы бағалады. Фестивальде отандық және шетелдік цирк өнерінің мейрамдары, нақтырақ айтсақ, эквилибристер, акробаттар, арқанмен жүрушілер, клоундар мен жонглерлер өнер көрсетіп, алматылықтар мен қала қонақтарының қошеметіне бөленді.

Қазақ цирк өнерін насихаттау, дамыту, отандық цирк ұжымының халықаралық деңгейдегі мәдени қатынасын нығайту мақсатын көздеген фестиваль сол үдеден шыққан секілді. Олай дейтініміз, күні кеше бізге келген шетелдік сарапшылар жылы лебіздерін білдіріп, жоғары баға беріп кетті. Мәселен, осы фестивальдің қоюшы-режиссері, Удмурт Республикасының Халық артисі және «Рососцирктін» бас режиссері Елена Петрикова: «Фестиваль кезінде цирк әлемінің ең заманауи әрі үздік жетістіктері Қазақ мемлекеттік циркін бұрынсоңды болмаған думанға бөледі. Цирк манежі фестивалдің барлық қатысушылары мен қонақтары үшін достық қарым-қатынас орнына, танысып, білісу алаңына, елдер мен артистер арасындағы келешегі бар байланыс орнату ордасына айналады деп сеніммен айта аламын», – деген болатын.

Ал «Морган мен Рокси» әуе дүзтінің (Ұлыбритания) гимнасты Морган Барбур: «Бізді Қазақстан өте жылы қарсы алды. Барлық адам бізге өте мейірімді көрінді. Бұл алыстан, бөтен елден келіп тұрған біз секілді қонақтың жүрегіне жылылық орнатты. Бұл фестиваль тек цирк нөмірлерін көрсету ғана емес, сонымен қатар қатысушы елдер арасындағы өзара мәдени алмасу деп білеміз. Осы фестивальден соң бәріміз Қазақ циркінің елшісі боламыз», – деді ыстық ықыласын білдіріп.

Алматы циркінің басшылығы фестиваль аясында шетелдік әріптестеріне арнайы турлар ұйымдастырды.

– Олар Алматының сұлулығын өз көздерімен көрді, таңданды, біз үшін қуана қол соқты. Бізде әлемдік цирк ғимараттарымен иық түйістіре алатын әдемі де еңселі цирк барын көрді. Мәселен, Монте-Карла 46 жыл болды фестиваль өткізіп жатқанына. Оларда біздікіндей ғимарат жоқ, олар палатканың ішінде жасап жүр. Бірақ Монте-Карла деген атауды естисе, әлем біледі. Кішкентай ғана қала. Ал біздің шаһар үлкен, жасыл қала, табиғаты ғажап! Бірақ көп ел біле бермейді. Сондықтан қаланы цирк мәдениетінің өнері арқылы әлемдегі орнын көрсету керек. Иә, бұл тың жобамыздың Алматы қаласы үшін халықаралық деңгейде мәдени байланыс орнатып, мегаполисті дамытуға жол ашатыны сөзсіз, – дейді Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов.

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

ALMATY CIRCUS FESTIVAL I Халықаралық цирк өнерінің фестивалінде қазақстандық атты-акробатикалық Nomad тобы (жетекшісі Қанатбек Күңгөжинов) оза шауып, гран-приді қанжығасына байлады. Бұл фестивальді өткізген бізге құрмет ретінде беріле салған жұлде емес, шын мәнінде 24 нөмірдің ішінде Nomad тобының арулары үздік өнер көрсетті. Халықаралық Netflix, HBO жобаларының қатысушысы, каскадерлік өнердің әлемдік жұлдызы саналатын отандық топтың ат үстінде ұршыққа иірілген қыздары көрермендерін таңдай қақтырды. Олар ат үстіне еркін қарғып мініп, үстінде де, бауырында да еш сақтандырусыз түрлі трюктер жасады. Олар бізге ұлы даланың кешегі өршіл де қайсар жауынгер қыздарын елестеткендей болды. Бұл орайда фестивальге қатысушы меймандардың бірі Роман Романовтың өзі де: «Қазақстандық артистердің дайындығы өте керемет екенін байқадым. Көрсеткен нөмірлері таңқалдырады. Қыздар да қайсар екен. Түрлі әдіс-тәсілдер қолданғанда өзін қорқып кетіп, мен де көзімді жұмып алған сәттерім болды», – деген болатын.

– Еуропадан келетін қазылар алқасын озық техника, жарқ-жүркі еткен эффект немесе даңғазамысқа таңқалдыра алмайсыз. Оларға қазақтың этно, салт-дәстүрі қызығырақ. Сондықтан бұл фестивальге Nomad атты-акробатикалық тобын қатыстырғанымыз он шешім болды. Ат үстінде өнер көрсету – екінің бірінің қолынан келе бермейді. Олар қазақтың өзіндік өрнегін, ұлттық калоритін, болмыс-бітімін паш ете білді. Сөйтіп, шетелдіктер алдында мерейімізді тағы бір аспандатып тастады, – дейді Мақсат Жайықов.

БІЗГЕ ӘЛЕМНІҢ ЕСІГІ АШЫҚ

Сөзіміздің басында айтып кеткендей, өткен жылғы ең айтулы жаңалықтардың бірі Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақ мемлекеттік циркінің ұжымы 35 жылдан кейін Орталық Азияда

гастрольдік іс-шараларын қайта жаңғыртты. Атап айтар болсақ, Алматы артистері 16 қыркүйек пен 23 қазан аралығында Тәжікстанның Душанбе қаласында «Әлем күмбесі астындағы цирк» атауымен өткен гастрольдік турға қатысып, елге абыроймен оралды. Отандық жұлдыздар көрермендеріне түрлі жанрда 5 шоу-бағдарлама ұсынып, оны душанбелік 7500 тұрғын тамашалаған.

Алматы циркі сол сапардан соң, 21 қазан мен 19 қараша аралығында Грузияның Тбилиси қаласында өнер көрсетті. «Бейбітшілік күмбесі» деп аталған бағдарламыз да көрермендерін мол әсерге бөлегені анық.

Міне, Қазақ мемлекеттік циркі Алматы қаласы әкімдігінің үлкен қолдауымен халықаралық деңгейдегі өз орнын шегелей бастады. Қазақ циркінің даңқы енді Азия асып, Еуропа төріне жетуде.

Былтыр 14–17 қыркүйек аралығында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында II Халықаралық цирк фестивалі өтіп, оған Алматы циркінің Hassak тобы (жетекшісі Әділет Тиканов) қатысып, жұлдемен оралды. «Қос матчтағы акробаттар» «Томирис» қойылымын ұсынып, онда цирктің күрделі трюктерімен бірге ұлттық музыканы, тарихымыз бен дәстүрімізді көрсетіп, 19 елдің ішінен суырылып шығып, қола жұлде иеленді. Бұған дейін де «Hassak» тобының Астанада өткен «Азия жаңғырығы» XIV Халықаралық цирк өнері фестивалінде де жұлдызы жанып,

19–22 қазан аралығында Саратов қаласында (Ресей) өткен IX Халықаралық «Цирк ханшайымы–2023» фестиваліне 13 мемлекет және 146 өнерпаз қатысып, нәтижесінде әлемдік доданың күміс тәжін «Жаңбырда ұшқан» қойылымын Марина Стародубова мен Даяна Жетпісова (жетекшілері Құрманғали Досбатыров) кіді.

8–10 желтоқсан аралығында Тула қаласында (Ресей) өткен «Әлем тілінде» атты Халықаралық балалар циркі фестиваліне де жол салдық. Дүние жүзінің түкпір-түкпірінен балалар қатысқан доданың Бас жұлдесін Алматы циркінің артисі Таисия Демидова қанжығалап, мерейімізді тағы бір аспандатты.

Бұдан өзге, жыл сайын Қазақ мемлекеттік циркінің артистері Монте Карлода, Кырона, Кытай еліне және әлемнің тағы басқа мемлекеттеріне сапарлап, өнер көрсетеді. Мәселен, былтырдан бері цирктің бір топ артисі біржылдық келісім-шартпен Англияда өнер көрсетіп жүр. Бұл да толағай табыс.

«Фестивальге қатысып келді» деп бір-ақ ауыз сөзбен жеткізіп отырған гастрольдік сапарлардың түпкі негізінде артистердің таңдана қол соғып отырған көрермендерге көрінбейтін шүмектеп аққан маңдай тері, күні-түні жаттыққан жанкештілікке толы сағаттары және ешқандай сақтандырусыз қауіпті жағдайда өнер көрсеткен минуттары жатыр!

– Цирк асқан жанкештілікті, ұшан-теңіз, өлшеусіз еңбекті талап



әлемнің 11 мемлекетінен (Монако, Франция және ТМД елдерінен) келген Халықаралық қазылар алқасының алдында өнер көрсетіп, алтыннан алқа таққан болатын. Ал Майя Ұлықпанова әріптесіміз қола жұлдегер атанды. Айтпақшы, былтыр жазда өз шаһарымызда салтанат құрған Almaty circus festival-да Hassak командасының кеудесінде күміс медаль жарқырады.

ететін өте нәзік өнер. Тіпті, манеже шығатын артистердің басын бәйгеге, ажалға тігіп, көзсіз батырлыққа баратыны да жасырын емес. Бұл өнерде қателесуге болмайды. Мұнда кинодағыдай екінші, үшінші дубль деген жоқ. Цирк – тәуекелшілдер мекені. Сондықтан цирк – жасандылықтан ада, шынайы өнер. Ал оларды осыншалықты құрбандыққа жетелейтін, сөзсіз

цирк өнеріне деген шексіз сүйіспеншілік, махаббат. Мен өз ісін сүйетін әріптестерімді әрдайым мақтан тұтамын, – дейді М.Жайықов.

КӨРМЕ ДЕ КӨЗ ҚУАНТТЫ

Қазақ мемлекеттік циркі биылғы жылды да сәтті бастады. Жуырда Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен, Будапештте өткен XV Халықаралық цирк фестивалі аясында ұйымдастырылған «Цирктің ғажап әлемі» халықаралық көрмесінде бой көрсетті. Бұл айтарлықтай үлкен мәртебе болды. Себебі, бұрынсоңды мұндай көрмелерге қатысып көрмеген Алматы циркі Bouglione (Франция), Krone, Roncalli (Германия), Ю.Никуллин циркі (Ресей), CEDAC, Medrano (Италия), Г.Цинзелли атындағы цирк (Санкт-Петербург), Budapest (Венгрия) сияқты әлемдік деңгейдегі ең танымал цирктермен иық түйістіре тең, қатар тұрып, көрермендеріне Қазақ циркінің жарты ғасырлық тарихын, атап айтсақ, тарих беттеріне қаталған фотоматериалдарды, цирктік көне костюмдерді, сондай-ақ қазақ цирк өнерінің жүріп өткен жолдарынан сыр шертетін кітаптар мен марапаттарын, естелік афишаларын ұсынды. Көрме шеңберінде 12 мемлекет цирк өнерін дамыту туралы меморандумға қол қойды. Бұл меморандум Алматы циркіне өзге мемлекеттермен мәдени һәм рухани достықты нығайтуға, іскерлік ынтымақтастықты тереңдетуге, әлемдік сипаттағы бірлескен жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге, заманауи жаңа форматтағы шешімдер қабылдауға жол ашары сөзсіз. Яғни цирк көкжиегі одан әрі кеңейе түсеті. Айтпақшы, айтулы көрме Қазақстан Республикасының Венгриядағы Өкілетті елшісі Жәнібек Әбдірашевтің қатысқаны да бір мерей болғаны рас.

– Қазақ мемлекеттік циркі республикалық және халықаралық бағыттағы биылғы жоспарын да жұптап қойды. Көрермендеріміз үшін таңғажайып нөмірлердің дайындығына кірісіп те кеттік. Быыл бізді Испания, Италия, Монте Карло, Ресей арнайы шақырып отыр. Сондай-ақ, былтыр тұңғыш рет өткізген ALMATY CIRCUS FESTIVAL I Халықаралық цирк өнері фестивалін екінші мәртеме өткізгеніміз отырмыз. Яғни біздің Қазақ циркінің ақ күмбесі астында өнер көрсетуге ынталы мемлекеттер қатары артып келеді. Айтулы фестивальдің біздің визит-картамызға айналатынына сенеміз.

Біздің тағы бір елеулі табысымыз – екі жылдан бері «Ашық аспан астындағы цирк» шоуын ұйымдастырып келеміз. Цирк манежінде өнер көрсетуге керекті тиісті құрал-жабдықтар міндетті түрде сақалдай сай тұрады. Ал ашық аспан астында өнер көрсету артистерге оңай емес. Өйткені, ашық далада қажетті құрылғылардың бәрі бола бермейді. Соған қарамастан, быыл да біздің өнерді жүрегіміз сүйетін жанкешті артистеріміз бұл шоуы жалғастырады.

Сонымен қатар, биыл шапито циркін қолға алып отырмыз. Енді еліміздің шалғайда жатқан жұртшылығы шапитоны тамашалайтын болады. Егер байқасаңыз, цирк қойылымдарының билет құны аса қымбат емес. Алайда, ондағы өнердің бағасы қымбат. Сондықтан қазақ циркінің тың жаңалықтарын көп болып қолдап, мәртебесін бірге асқайтып дегім келеді, – деді сөзін түйіндеген Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов.

**Нұржамал
ӘЛШЕВА,
журналист.**





«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

АНТҚА АДАЛДЫҚ

СҰРАПЫЛ МАЙДАН САРБАЗДАРЫ қандай құрметке де лайық

15 ақпанда кеңестік әскердің Ауғанстандағы шектеулі контингентінің шығарылығанына 35 жыл толуына орай, Өңірлік коммуникациялар орталығында Алматыда атқарылатын іс-шаралар жайы мәлім етілді.



Айнабай МӘДИ

Басқосуға қатысқан Ауғанстан соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбдішүкіров, аталған үйлестіру кеңесі төрағасының орынбасары Байкал Хамзин, Алматының Алатау ауданы «Ауған соғысы және жергілікті әскери қатығыстар ардагерлері мен мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің басшысы Алмасбек Айдарбаев, «Көк байрақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әуез Бейсенбаев



қандыкөйлек қаруластарын еске алып, жауынгерлік антқа адалдық, соғыс қасіреті хақында әңгімеледі. Сондай-ақ, олар еліміздегі мерекелік күндердің тізіміне енгізілген осы атаулы күнмен байланысты өтетін іс-шараларды қала тұрғындары мен қонақтарына хабардар етті.

«Біз сол сұрапыл соғыс туралы қасіретпен еске аламыз, жерлеріміздің ерлігін ұмытпаймыз. Жауынгерлік антына ақырына дейін адал болған өз батырларымызды құрметтеп, ардақтаймыз», – дейді Ауған соғысының ардагері Мұрат Әбдішүкіров.

«Көк байрақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әуез Бейсенбаев

КЕРЕК ДЕРЕК

- * Тарихта «Ауған соғысы» деген атпен қалған сұрапыл майданға 22 296 қазақстандық қатысты.
- * 929 сарбаз бен сардар қаза тапты, 19 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған адам мүгедек болып оралды.
- * Бес қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры, біреуіне «Халық Қаһарманы» атағы берілді.
- * Жүздеген ардагер бұрынғы КСРО мен Қазақстан Республикасының орден, медальдарымен марапатталды, қос майдангер «Айбын» орденіне ие болды.
- * Алматыда қазір Ауған соғысының 2389 ардагері тұрады, олардың 1100-і – мүгедек.

Ауған соғысының жауынгерлеріне арналып өткізілетін барлық іс-шара жас ұрпақтың тарихты таразылауына қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, Алматы қаласының барлық оқу орындарында жастардың бойында патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында «ерлік сабақтары» өткізіледі.

«Ауғанстаннан әскерлердің шығарылғанына 35 жыл толуына орай, қала әкімдігінің қолдауымен бірқатар іс-шаралар өткізілетін болады. Алматы тұрғындары мен қонақтарын аталған іс-шараларға қатысуға шақырамыз. «Алатау» дәстүрлі өнер театрында мерекелік концерт, автошеру, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады», – деп атап өтті Ә.Бейсенбаев.

Алматыда 15 ақпанға дейін ауған ардагерлеріне 100 мың теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек көрсетіледі. Мұндай материалдық жәрдем 9 мамыр қарсаңында

да жасалады. Аз да болса, көңілге – медет. Ауған соғысының ардагерлері медициналық көрсеткіш бойынша шипажайлық-курорттық ем ала алады. Осы ретте ардагерлерге жылына берілетін квота бүгінде 170 жолдамаға ұлғайтылды. Дәтке – қуат.

Біздің білетініміз, өткенімізді ұмытып, келешекті көркейте алмаймыз. Ерлік ескірмейді, отан-шылық өлмейді. Ант-су ішкен қазақ осыншама ұлан-байтақ жерімізді қорғап қалған. Сол кездегі саясаттың сұмбайлығы өз алдына. Ал антқа адалдықтың жөні бөлек. Бүгінгі күні де әскеріміз БҰҰ аясындағы бітімгершілік іс-шараларға қатысуда. Әлемдік әскери тәжірибе керек. Ардагерлер қолдайтынын білдірді.

Бірақ... Осыны айтқан Ауған соғысының ардагерлері мемлекет тарапынан әлі де ескерілер жәйттерге алаңдайтынын айтты. Олар сұрапыл майданнан өткендер ғой... Ауған соғысы талайға сабақ боларлық.

Түркісіб Ардагерлер кеңесі еңбек майданына қатысушы, Құрметті теміржолшы, Алматы темір жол бөлімшесінің бұрынғы бастығы **Жаханша АХМЕТОВТИҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚАРА ҚАТҚАҚ, АЩЫ ӨЗЕК...»

«Үш бунақ» халықтық болжамы басталды.
Күштің айының «күшін» көрсететіні осы кез



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қыстың 40 күндік шілдесі 5 ақпанда аяқталды. Бірақ бұл осымен қыс бітті дегенді білдірмесе керек. Жылы, ыстық, суық күндерді айқындап, соған орай шаруаны, тұрмыстық тіршілікті белгілеп отыратын «Үш бунақ» деп аталатын халықтық болжам бар. Осы айдың 9-ынан, яғни бүгінгі күннен суықтықты білдіретін аяқ бунақ аяқталып («тоқты тоймас, шөміш кеспес»), жылылықты сездіретін бас бунақ («қара қатқак, ащы өзек») басталады. Ол – маусымның 9-ына дейін созылады.



Атам қазақтың «Үштің айы – күштің айы» дегені ақпанның адуынды мінезіне қарап айтылса керек. Осы уақыт жыл ішіндегі ең суық, аязы қатты кез саналған. Осы айдың ішіндегі сұрапыл амал – «Ақпан амалы». Айдың 10 жаңасынан 15 жаңасына дейін жалғасады. Басқаша аталуы: «жылқышы», «ақ құрық».

Амал кезіндегі әдет-ғұрып: ақпан келді, жылқышы кірді, жылқышының өкпесі қатты болады, оны ренжітіп алмайық деп, жылқышының сыбағасы ретінде кәрі жілік асып, қонақ қылатын болған, сол себепті «жылқышы» деп аталса керек. Жылқышының құрығына қатқан қырауға қарап «ақ құрық» деген атау берілген. Қазақ «жылқы сауырынан, сиыр бауырынан» деп, аяз күндері жылқыны жабулап, сиырдың астына көң төсейтін болған. Бабалардың пайымынша, бұл бір жыл ішіндегі ең суық, қатты аяз саналады. Амалға қатысты мақал-мәтел, қанатты сөздер: «Ақпан-тақпан алты күн, айғайлатқан қатты күн» немесе «Ақпан-тақпан алты күн, айғайлап соқса жеті күн»...

Өткенде алматылықтар ұйқыдан ояғанда тағы да ақ күміс қардың күәсі болды. Жапалақтап емес, қыламықтап жауып тұр. Бұл қардың қалың болатынын әрі ұзақ жауатынын аңғартқандай. Бірақ осы көрініске қалалықтар таңқалған жоқ.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ҚАРАП
ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- * Ауа райы ашық болса, жаз қуаң болады.
- * Су, ылғал молайса, жазда – жер отты.
- * Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі.
- * Қар қалың болса, көкекте көл суға толады.
- * «Бөрі сырғақ». Айдың аяғында бұршақтан кіші, мұзды қар түйіршікті сырғақ жүреді, қатты боран соғады, сол кезде қасқырдың арланы мен қанышығы жұптасады, мұны «Бөрі сырғақ» дейді.

Себебі, қар жауатынын, оның қалың түсетінін, соны аязға ұласатынын ауа райын зерттеушілер мен төтенше жағдайлар қызметі алдын ала ескерткен болатын.

Ауа райының мұндай өзгерісі өзге өңірлерде де көрініс берді. «Қар жауды деп қуанба, аязы болар артында» демекші, таңғы аяз, қар аралас жаңбыр, кей жерлерде желдің күшеюі нәтижесінде республиканың солтүстік бөлігінде бет қаратпайтын боран, оңтүстік бөлігінде тұман мен көктайғақ орын алды, әлі де жалғасуда.

Осы айдың онынан «Ақпан» амалы жүреді. Амал кезінде қылаулап, арақидік тыныстап ызғары бетті қаритын қар жауатын болған. Аяз, әсіресе, кешке қарай күшейіп, кейде соңы дауылға ұласып отырған.

Қолданыстағы күнтізбеде бүгін ақпанның – 9-ы, ай есебі бойынша, 28-і, ескіше айдың 15-і. Демек, апта айдың басын, аяғымен соңын түгел қамтып тұр. Ауа райы құбылмалы болып, жыламақ белең алып, қар жаууы, аяз болуы, жел, дауыл тұруы әбден мүмкін...

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Тоғызқұмалақтан
қалалық жарыс өтті

Тоғызқұмалақ – ақыл-ойды дамытуға арналған ұлттық спорт түрі. Алматы қаласы Білім басқармасының «Қалалық дене шынықтыру және спорт оқу-тәжірибелік орталығының» ұйымдастыруымен тоғызқұмалақтан оқушылар арасында қалалық мектеп лига жарысы өткізілді.



Ернұр
РЫСБАЙ

Жарысқа 6–11-сынып арасындағы оқушылар қатысты. Жалпы алғанда, қаламыздың 8 ауданынан 70-ке жуық жасөспірім бақ сынады. Жеңімпаздар арнайы кубокпен, медальдармен марапатталды. Үздік команда ұлттық мектеп лигасының республикалық кезеңіне жолдама алды. Осы орайда тоғызқұмалақтың пайдасы жайында №3 жалпы білім беретін мектеп директоры Зауреш Атенова айта кетті.

Тоғызқұмалақ әдетте қазақ халқының әлемдік мәдени мұраға қосқан үлесінің жарқын үлгісі. 2020 жылы тоғызқұмалақ ЮНЕСКО шешімімен «Адамзаттың мәдени мұрасы» тізіміне енгізілген болатын. Бұл спорт түрінің балаға берер пайдасы көп. Біріншіден, дәстүрлі ойын, екіншіден, тапқырлық пен шыдамдылыққа тәрбиелейді. Терең логикалық ойлауды қалыптастырғысы келетін оқушылар үшін таптырмас дүние. Сол себепті, «Ақыл-ой интеллектуалды ойыны» деп аталады. Мектебімізде тоғызқұмалақ үйірмесі бар. Жоғары деңгейдегі тоғызқұмалақшы ұстаздық етеді. Осының арқасында мектебіміз қалалық, республикалық жарыстарда топ жаруда, – деді З.Атенова.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

Тоғызқұмалақ спортымен айналысатын адамның ойлау қабілеті жоғары болады. Бір ойынның өзі ішіне бірнеше салаларды қамтиды. Тіпті, математикалық, терең ойлау қасиеттерін арттырады. Бұл туралы №3 жалпы білім беретін мектептің тоғызқұмалақ спортынан жаттықтырушысы, Азияның екі дүркін чемпионы Рахат Айтбаев айтты.

Қазіргі уақытта тоғызқұмалақ ойынын үйренгісі келетін оқушылар аз емес. Жан-жақты дамығысы келетін балалардың ынтасын дұрыс бағытта қолдануға тырысамыз. Бұл спорт түрінен оқушылардан бірнеше чемпиондар дайындадым. Республикалық, қалалық жарыстарға қатысып, үздіктер қатарынан көрінуде. Қазіргі уақытта 60-қа жуық оқушы дайындап жатырмын. Үйірмеге қатысу оқушылар үшін – тегін.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

